

АЙНҰР ӘБДІРӘСІЛҚЫЗЫ

ТӘҢІРІ СИПАТ ТІРШІЛІК

Алматы
2022

ӘОЖ 821.512.122-1
ҚБЖ 84 (5 Қаз)-5
Ә 14

*“Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
“Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті
жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу
мен насихаттау және архив ісінің іске асырылу тиімділігін
арттыру” бағдарламасы “Әдебиеттің әлеуметтік маңызды
түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату”
кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді”.*

Ә 14 Әбдірәсілқызы Айнұр
«Тәңірі сипат тіршілік»
«Алматы-Болашақ» АҚ баспасы, 2022, 152 бет.

Ақын Айнұр Әбдірәсілқызының кезекті жыр жинағы
«Періштенің жанайқайы», «Елім – аяулым», «Кешкі сағыныш»
атты арманды атаулармен айшықталған бөлімдерден тұрады.
Ұлт пен рух, дін мен дәуір, жан мен сана – ақын қыздың
өзелден дара қолтаңбасын осы жинақта да айқындай түскен
тақырыптар.

Кітапта бұған дейін «Мезгілсіз дәурен», «Хикмет-ғұмыр»,
«Менің махаббатнамам» атты жинақтарымен оқырман қауымға
кеңінен танылып, қазақ әдебиеті тарландарының жоғары
бағасына ие болған ақынның соңғы жылдардағы туындылары
топтастырылған.

ISBN 978-601-7646-40-0

ӘОЖ 821.512.122-1
ҚБЖ 84 (5 Қаз)-5

© Әбдірәсілқызы А. 2022
© «Алматы-Болашақ» 2022



Замандастарыма арналады

АВТОПОРТРЕТ
немесе алғысөз орнына

Мен өзімді
Күл-талқан болып қираған
Жасыта беріп жалған мың,
Жанды өртеп жүріп жинаған
Арманнан құрап алғанмын...


Жалғанның жұтып бар уын
Тіршілік үшін тазарған,
Адасқақ әлем аруы
Ажалды күттім ажардан.

Табынбас тарпаң заманға
Тірлігім, бәлкім, тек елес.
...Абай бол арман-адамға,
Бұл – менмін әрі...

Мен емес...

I БӨЛІМ

ПЕРІШТЕНІҢ ЖАНАҰҚАҰЫ





*Нызметтің нұрына малынып,
Жеті көк жауһарын жия кеп,
Адамзат терісін жамылып
Күн кешу не деген қиямет!!!*

*Тұл қалу тағдырын тұғырдан
Жат жерлік жоқтаусыз жан ұқсын.
...Тозақтың отына жылынған
Сор жалған, сен де бір заріпсің...*



Хауа ананың зары

...Жазмышқа таңар жұмақы жанды
Саябыр еді сұрапыл алды.
Жаратушының жасампаз ісі
Жаратылысқа, сірә, тұман-ды...

Сиқыр боп тартар саналы жанды,
Сырқұмарлықтың алауы жанды.
...Тәнімнің емес, жемісте сол бір
Жанымның, бәлкім, қалауы бар-ды.

Белгісіздіктің дерті күшті еді,
Тағдыр боп тапты толқын іштегі.
Жәннатты жайлап, сезінбей, сүймей,
Періште болу қорқынышты еді...

Адасқан сәттен айбынды сертім,
Қызығым емес, қайғым-дүр еркім.
Арман мен ажал арылмас мұң боп,
Жұмақтан жылап айрылдым сол күн...

Болмыстан берік бар ма тірегім?!
Адами ғұмыр – арда тілегім.
...Жандауа жоқпен жол тарттым жырақ,
Жұмыр жер болғай жәннатым менің...



Қош бол, аспан!

Хақтан ұғып қара жерде құт барын,
Топырақта көктесе де түп дарын,
Қайта алмаған қанатынан қайрылып,
Менің елім – аспан екен ұққаным...


Жербауыр мұң жетелеген жер елін
Жүрегіммен жерсіне алмай келемін –
Хан секілді қадірімді құрбан ғып,
Ән секілді өмір сүрсем деп едім...

Жыр менен нұр болмысыңа бірге енсе,
Көңіл тынбас көкте ғұмыр сүргенше.
...Тән табыспай топыраққа жан ғаріп,
Қош бол, аспан!

Қара жерге кіргенше...

* * *

Құлшылығыңа құлшынып,
Тылсымдығыңа тұншығып,
Бодауың болмақ маған мұң,
Тұғыры текті ғаламның –
Тәңірі сипат тіршілік...



* * *

...Бозмұнар көшкен далада
Бұлың да бұлың бел жатыр.
Сағыныш ескен санада
Сақтарсың нені, сен ғапыл?!

Жалғанды ойлап жүдесең,
Жазмыштан жалғыз жанға үкім:
Жеруани бақыт тілесең –
Жер беті болар жәннатың.

«Тілегім – дидар тек» десең,
Жақсылық күтпе жерде көп.
Сертіне рухтың жетпесең,
Сүйсінер ғұмыр сенде жоқ!

Пәни мен бақи арасын
Пейілмен пенде жалғаған.
Нәпсі ме, рух па аласың –
Екінің бірін таңда, адам!

Пейіштен қалған адасып
Періште дәурен көшкен күн,
Күнәһар адам баласы,
Күнәсіз жерге қош келдің!!!



* * *

Тамырынан танатын тұс келгенде,
Тор нәпсіге тұтқын боп түскен жерге,
Жаза басып, жаңылғыш жаратылған
Періштеден мерейі үстем пенде...

Тағдыр сыны тағы да сағатсыз кеп,
Талауратқан тұл жалған тағатты үзбек.
...Шырқай алмай рух құсы шырқырайды,
Әлімсақта қырқылған қанатты іздеп...

* * *

Жер тартып, құл-ғұмыр жетегі,
Төменге телміріп жанарым,
Кіршіксіз көңілдер мекені –
Аспаннан алыстап барамын.

Сан ғасыр сұр өмір сүргендей
Сәулесі сұйылып жанымның,
Жамалың жылында бір көрмей,
Алтын күн, мен сені сағындым.

Күрмеуі шешілмей күндікке
Сыр түгіл, саулыққа жарамас,
Сезімді сиреген тірлікте
Ең жақын жан сенсің, қара ағаш..

* * *

Күмбір көңіл көк төріне тым асық
Кеңістікке кетпесе де ұласып,
Мен мөлдірлеу болдым ба екен,
білмеймін,
Ол кездері болушы еді күн ашық...

Шуақ тұнып, жас жанға нұр толатын,
Бұлақ күліп, асқарға түн қонатын.
Мен биіктеу болсам керек, әйтеуір
Ол кездері аспан жақын болатын...

* * *

10

Жоғалтып жауһар дүниемді,
Жоқтауын жанның жазамын.
Көтеріп алар кім енді
Мың жылдық рухтың азабын?!

Жалпыңды жисаң, жамағат,
Жалқыңның орны толмайды.
Мың жылдық мынау аманат
Кімдерге нәсіп болғай-ды?!

Салауат сіңбей салтыңа,
Бейкам боп бастан жаралдың.
Мың жылдық дерттің зарпына
Бір күндік дауа табар кім?!
Мен кеткен соң...



* * *

Жаныға жоқтап жалғанның
Жасырған жаннан жұмағын,
Тарпиды жерді тарлан күн,
Тылсымға тігіп құлағын.

Ар-дауа тілеп қармандым
Аждаһа лепті адамға.
Асқар да асқар таулардың
Ар жағын кезсем, табам ба?!

Дарытар болса дәруін
Ақ әлем қолын бұлғаған,
Ақбозат мінген аруын
Ұмытсын мәңгі бұл ғалам.

Үздікпе бекер ізінен,
Кеткеннің болар қайыры.
Бұлғақтап тұрып үзілген
Бір тал үкің ғой, тәйірі...



II

* * *

Тұлпар тозып,
тұғырдың туы тұрып,
Бірі тасып, жанқайғы бірі ұтылып.
...Алмағайып ғұмыр жат ғарібің ем,
У ішкендей барамын үгітіліп...

Жазмышымда жоқ екен жанға дауаң:
Шартарабым қалмады шарламаған...
...Жан да, тән де құрбандық!!!

Тек рухы азат

Адам-тағдыр сыйлашы, Алла, маған!!!

* * *

12

Күрмеуі көп күңгірт әлем күрсініп,
Құс қанаты көңілімнің тұр сынып.
Ақылымның азабымен айқаста
Мазак етіп кетті мені тіршілік...

Дүниені дөңгелентсе дарын–Күн,
Шындығымды шабақтайды арым мың.
Есалаң ем ғашық болған ғарышқа,
Жылусыз жер, жат әлемге таңылдым.

Күйік толы күйін шертер бөтеннің,
Жолсыздықтан жаратылған екен мұң.
...Жерсіне алмай жеруани тән –
жалғанды,
Аспан жаққа алаңдаумен өтермін

* * *

Көр бақытқа бәріміз де бірдейміз,
Жазмыш қана жанды ұрлар.
Қайтсе дұрыс болатынын білмейміз,
Сондықтан да тағдыр бар...

Көңіл шіркін кемелдікке кезерген,
Күй кешсе де не түрлі.
Ал адамдық таңдалмайды әзелден,
О да тағдыр секілді...

* * *

Тамұқта тірі тұншығып,
Жер басып жүру – құлшылық.
Түсіңе тағдыр енеді
Ұшпаққа рухың ұмсынып.

Себезгі сәуле төгеді
Көңіліңнен сонда күн шығып.
Жарқ етіп, қайта сөнеді
Жалғаннан жаны түршігіп.

Бақыттың таппай дерегін,
Көшеді күндер күрсініп.
...Күйікпен толған кемері
Тозағым менің – тіршілік...



* * *

Күрсінді көзтаныс көресім,
Түгесіп шақтаулы шаттығын.
Жұтатып жұмақтың елесін,
Бейуақта бұлттанып батты күн...

Жаутаңдап жаз-ғұмыр қалды үміт,
Құрсана қарсы алды тағы қыс.
Жаратқан жар еткен мәңгілік
Жанымның жазасы – сағыныш...

14

* * *

Тағдырым тауқыметтей ғалам күткен,
Арылмай азалайды санам жүктен.
Тозғанша темір тағат тұралатқан
Азаптың арманы жоқ маған біткен.

Қалса да келте ғұмыр қас-қағымдай,
Пенделік парыз көшпес бастан ұдай:
Өтермін мұң арқалап, қайғы теңдеп,
Бір тамшы ақыретке жас қалдырмай...

* * *

Тіршіліктен түйір бақ таппаған мұң
Жалған-отқа жанымды қақтаған мың.
Қорлығына қия алмай құл-ғұмырдың,
Ғазиз жанды ғарышқа сақтағанмын.
Жаралыста жазған дерт – жер-тірліктің
Босағасын болжаусыз аттағанмын.
Адам ұлын арманмен азаптаған
Ар алдында ажалмен ақталармын.
Ақыреттен бір хабар жеткен күні
Жалқы сәтке шын күліп, шаттанармын.
Күнәһарлық құрсауын күл-талқан ғып,
Ай мен күннің еліне аттанармын...

* * *

Тамырымды кезең қинап құнарсыз,
Тұғырсыз тін бебеулетер бұғаусыз.
Бұлдыр күндер бір арылмай басымнан,
Сәуле сүймей солып барам сұраусыз...

Болмысыма бір жаралған нұрменен,
Жылусыз бақ жолығарын білмеп ем.
Күн елінде көктеп еді тамырым,
Түсімде де күн көремін түнде мен...

* * *

...Көргендей көңілсіздеу күлкімді көп
Жаныма жиып беріп мың түрлі дерт,
Елестей еркімді алып, бала жастан
Ғарышқа ғашық етті бір құдірет...

Ғайыптан ғаріп күтер жыр-тыныс тек,
Көңілімде көктен келген күрсініс көп.
Дәруіштей дидар-ғашық дала кездім
Тастардың тасасынан тылсым іздеп...

Сый етпес сансыратпай сыр-сандығын,
Құл-ғұмыр – құлықсызға құрсау
мығым...

Тартуы тұл тірліктің талайыма –
Дарыған дала мұны жусан-жырым...
Дарын ем даңқ асырар дара шыңға,
Бір тамшы бақ кемінен бар асылға
Арманда ағып барам қос қимасым –
Көк аспан, қара жердің арасында...



* * *

Тұтқын боп Тәңірлік тағлымға,
Әлімсақ антынан таймаған
Тұр мұңлық тізерлеп алдыңда
Өмірін өзіңе байлаған.

Жөнелткен жолсызың жыраққа
Сені іздеп сырылды санаттан.
...Сан ғасыр зарықтым шуаққа,
Бір тамшы нұр құйшы, Жаратқан!!!

* * *

Қара жерді баса алмай,
Қара жоннан аса алмай,
Қара суды кеше алмай,
Қара жолмен көше алмай,
Қара ағашты құша алмай,
Қара аспанға ұша алмай,
Қаралар пірі қолдамай,
Қара бір тірлік оңбады-ай...

Аспан да ала, жер де ала,
Ерлер де ала, ел де ала,
Жақын да ала, жат та ала,
Ақыл да ала, бақ та ала.
Ғұмыр да ала, жыр да ала,
Сезім де ала, сыр да ала.
Аланың болып дегені,
Алалық қаптап келеді...





* * *

Жалғанның жанын ластама,
Күдікпен жолын күрмелеп.
Сен сенген өмір басқа да,
Шындықтың түсі бір бөлек...

Татырды татқан теңіз деп,
Пиғылың пәни маған жат:
Алладан басқа жол іздеп,
О, сорға бөккен адамзат...

18

* * *

Арылып бітпес күрсінісіндей
Аңсауға толы жалғанның,
Мұңая сөнді мың сыр ішімде,
Жоқтаудан жаным талған күн.

Жүз жылға жетер жалығыс емі
Санама сыймас сұры бар.
Көкірек толы сағыныш еді,
Енді оның жайын кім ұғар...



* * *

Сыралғы кеуде сыздайды келіп
Алаңсыз күлсе әлдекім.
Мазасыз жаннан мұздайды желік,
Мың жылдық дертім бар менің...


Зауалың жоқтай зар етерге түк
Сезбейсің сырды, замандас...
Мендегі мұңды тәуекел етіп,
Аспан да, жер де ала алмас...

19

* * *

Алмалы бақ...
Адастырып арман-күн,
Аласұра андыздайды алдан мұң.
Үрке қашып, иінінен дем алып,
Жырақ қонған жұмағы тұр жалғанның...

Есер елден ерте безген ерегім –
Тұмса дүние, тамырыңмен тел едім.
Әр бүріңнен бір-бір бақыт өнердей
Өмір бойы көктемді аңсап келемін...





* * *

Сұрапыл сұр үрлеген сынды лебің,
Өз жалған, әзел күннен сүргін едің.
Арсауға алас-қапас тіршілікте
Тұғырым тоз-тоз болып сүрдім өмір...

Жербауыр жанымды егеп жүрді жегім,
Көкөзек көңіл, ақыр күлдіредің.
Үзіліп тынып майда тамыр біткен
Ілініп жалғыз тінге тұр жүрегім...

20

* * *

Зар құштырып зырлайды зауалдай күн,
Қан құстырмай қыңбайды қарау
қайғың.
Үміт зая, серт зая, сының зая –
Мен ешкімнен Өзінді таба алмаймын...
Тозған тілек тұғырын табардай бір,
Ойлыға да ойсызға алаңдаймын.
Ғұмыр зая, мұң зая, жырым зая –
Мен ешкімнен өзімді таба алмаймын...



* * *

Тәңірдің құты тамғанда
Қызығы көшкен күнмен бір сөніп күлкім де,
Айналып кетем ақ нұрдан туған арманға
Ай толықсыған бір түнде...

Тілеулі таңым атар-ау:
Ақ құс боп ұшып әлемге мынау сыймастан,
Жанардан жасым моншақтап бара жатар-ау,
Жалғаным, сені қимастан...

21

* * *

Естіген де еліткен күйді алыстан
Әзиз жүрек ән сынды ед дидар құштар.
Мұң да үлбіреп, мұңсыздау күйге енетін
Мизамшуақ кез еді мизам ұшқан...

Айрылғалы ай құлап, асқарымнан,
Бұл мұң бірақ өзгереді басқа мұңнан.
...Сүріндім бе соңғы рет, кім біледі,
Ақ бұлт көшіп барады аспанымнан...



* * *

Көзігердей көлегейлеп көп перде,
Көзден – үміт, көкейден жыр кеткенде,
Арман-бағым абаттанды-ау ақыры,
Арып-ашып, азған мұңлық жеткенде...

Қайғысыздар қаумалаған құрсаудан
Әзиз жанын арашалап жыр-сауғам,
Көр түннен соң күндей күліп көңліме
Пәк ғұмырым қайта оралды...

Мың тәуба!!!





Алтынжал

Алтынжал-арман жер тарпып,
Ай мен күн елін аңсаған,
Дүниені отты дем шарпып
Алаулап жатты барша маң...

Арбайды жанды арытып,
Дүбірлі дәурен қалған бел.
Алтынды ерді ағытып,
Айрылмақ бүгін арманды ел.

...Жаназық болмас жыр-сауғам,
Шырқамай толмас кемдігің.
Көк ала бұлтпен құрсанған
Көгіңе қайтар келді күн.

Құйылған көкте қалпың бар,
Жердегі жалған тұғырың.
Алаңсыз аттан, Алтынжал,
Аспанда сенің ғұмырың!

* * *

Тіршілік түнегін серпер үн
Ақырет әуенін таратты.
Күрсіне көз ашып көркем мұң,
Меккенің мүбәрак таңы атты...

Мәңгілік сазына мүлгиді
Жалғанның жәннатын жиған жер.
...Сезімсіз сұлделер сырғиды,
Жаратқан, бұл елге иман бер!

* * *

24

Уа, Пайғамбар!
Жаппар ием қойғанымен кешіріп,
Мен өзіме назалымын, осыны ұқ!
Көңіліне Қағба орнатқан үмбетің
Кете алмады қабіріңді көшіріп...

Сенің нұрлы ізің қалған өңірді
Қиып кетер кешем қалай көңілді?
Қияметте көріскенше күңіреніп,
Сүрем қалай сенен қалған өмірді?!

Шермендемін шарасыздан қайрандар,
Келте нығмет нәсіп болса, не айлам
бар?!

Ертегісі ерте үзілген шер көңіл
Үмбетінді ұмытпашы, Пайғамбар!!!

* * *

Перзентімін мен де өзіңдей мұңлы елдің,
Қазақы мұң – қанымдағы бір белгім.
Сар далада сағынышпен селбесіп,
Мен өмірді сені аңсаумен сүргенмін...

Қайғылыға жалған болсын қайдан жар,
Жан шыдамас жазалы еткен жайды аңғар:
Көргенімше бір мұң едің көңілімде,
Көргеннен соң мың мұң болдың,
Пайғамбар!

Болмысыңа бақ бұйырған биіктен,
Жанды түгіл, Жаратқанға сүйікті ең.
Ақыретті арман етем мен енді
Құтқарар деп сағыныштай күйіктен...

25

* * *

Көктегі күнің көңіліме құйып шуағын,
Жанымнан мылқау жосыла кетті жыр-ағын.
Пәниге бүгін парасат күйін шертеді
Парықсыздарға пайғамбар еткен тұрағың.

...Жайнаған жұрты жалғанның бағын
жайлап ен,
Жан біткен ынтық
Меккедей жәннат қайда жер?!
Басынан бағы асып та тасып төгілген,
Қолдағы құттың қадірін білмес қайран ел...

* * *

Нұр құшқан жұрттың нығметі Хақтан
ен тегін,
Осынша бақты көтерген қалай жер
тегі:
Жанарда жасы, сәждеге басы иіліп,
Күн сүйген көктен Пайғамбар елі –
ертегі...

Әлімсақ күннен ақырға жетер арман-
ән

Күйрейді кейде күдіктен көңіл
қармаған.

...Күрсініп жиі қол жаям көкке
бейуақта,

Азанды елдің ақырын тілеп Алладан...





* * *

Бұл неткен жер, неткен жер?
Қуарған тінге құт дарып,
Тәңірім нұрын төккен жер.
Тозақтан тірі құтқарып,
Пайғамбар келіп жеткен жер.
Мұңсыздың көгі бұлттанып,
Мұңлықтың жасы кепкен жер,
Дінді де дінсіз сұқтанып,
Арман ғып мәңгі өткен жер.

Бұл неткен ел, неткен ел?
Құдайдың өзі қиғанын
Қиыспай құлдар кеткен ел.
Жалғаннан асып жиғаны,
Барлықтың зарын шеккен ел.
Төрк етіп тағдыр сый-дәмін,
Бақытты басқа тепкен ел,
Шайқалып барып иманы
Тарихын талқан еткен ел...

* * *

*Жол үстінде отырып,
Жол сұраған дәруіштер...*

Қожа Ахмет Йасауи

*Ей, бұла құсым,
Сен – әзім Түркістанның тұмарысың...*

Е.Раушанов

Әзірет Сұлтан!!!

Армандым!!!

Зарын теңдеп жалғанның,

Жалғыз жортар жолыма

Сен жетелеп салған күн,

Билігі жоқ басының

Бауыры суық ботадай,

Боздап желе барғанмын.

...Жаннан сырым жасырын,

Оңғарар ма, о, тоба-ай,

Аманатқа алған мұң?!

Бір қиырда сен қалдың,

Бір қиында мен қалдым.

Жол үстінде жол таппай,

Егесі жоқ ел бардым.

Жан иімес жасыма,

Мұз қаласы – моламдай,

Тоқтамы жоқ тең-жардың.

...Бақ бұйырмай, басыма

Батпан бейнет қонардай

Беу, тағдырым, ненді алдым?!

* * *

Өлшеуде шектен шықпаңдар!

Құран Кәрім, «Рахман» сүресі, 8-аят

Нәпсі мен рух – бір болмыстың екі қыры. Рух – тәрбиеленген нәпсі, ал нәпсі – тәрбиеленбеген рух.

Сопылық даналығы

Аңсыздықтан азғанда ар,
Нәпсі мен рух пішінде
Арбасады абзалдар
Пәни-майдан ішінде.

...Тел бауырың – тастанды,
Сен бе ең жалғыз жақсы шын?!
Бар болғаны, асқақ рух,
Тәрбие көрген нәпсісің!

Тектіліктен түңілдің,
Нәпсі, неден кем едің?!
Тамырыңа үңілгін –
Тәрбиесіз рух сен едің!

Екі айрылған соқпақ із,
Елдестірет сырң көп.
Қосыл енді, қос ғазиз,
Бір-біріңсіз күнің жоқ!

Есер жалған елесін
Ессіз қуып келсең де,
Жалғыз аят төрешің:
«Шектен шықпа өлшеуде!

* * *

О, Алла!
Қайрылып саған кете алмай
Жатсыну тұнған жалғанда,
Аңсарға қолы жете алмай,
Ақының өтті арманда.

Мәңгілік шатыс мәлім күн
Қасірет кештім қорлана.
Жартыкеш бақыт, жарым мұң –
Үлесім Хақтан сол ғана...
Қайтейін...

30

* * *

Жылап, жырлап, жабығып,
жаңылғаным,
Арып, аңсап, армандап, арылғаным,
Саған ынтық көңілмен мәңгі мұнтаз
Ардан аппақ әлемді сағынғаным –
Тек Сен ғана білуші ең бәрін, бәрін...

Талайсыздан табылды қай керегің,
Адасқанға ажал ма айтар емің?!
Бағасы жоқ пендеге бір тамшы бақ
Садақаға шығарсаң қайтер еді?!
Ей, Аллам-ай... Қайтейін...

Қайтем енді?!

* * *

Мен қаталдық күтпеп едім тек Сенен...
Өзің сүйіп жаратып ең,
Жардан көңілің қалды ма?!
Талып тұрып, тілеуімді кеспеп ем –
Тоз-тоз болған тағатыммен
Жығылғанмын алдыңа...

Мұз-көңілмен сына қағып сенімге,
Аңсарыма жер құштырып,
Арманымды алдаттың.
Саған сеніп келген едім өмірге,
Жар-сезімді желге ұшырып,
Енді қайда бармақпын?!

* * *

Тура келген тағдырыма тәуекел:
Сен тұрғанда жанды қалай жар етем?!
Сүрінсем де, түңілсем де (о, тоба!) –
Сенің мені сүйетінің хақ екен!!!

Құлшылықтың кім бағалар құнын дәл,
Ұғар болсаң, ұғынып көр сырымды ал:
Әлем халқы қызығатын бағым бар!!!
Әлем халқы торығатын мұңым бар...



* * *

Шуак кимай сезімге, шабытқа – жыр,
Таңарың хақ түбінде табытқа бір.
Мен өлсем де сенен сәл биік тұрам,
Жасып көрген жерім жоқ, жанықпа
кұр!

Әз жалғанның әзелден есі дел-сал:
Көлеңкесіз күндерім кешігер сәл.
...Жиі енесің түсіме несіне, ажал,
Менің әлі көл-көсір несібем бар...

32

* * *

Жалған жолы жуыстырмай жұмаққа,
Мыңдар көшкен мұң орнаған
мұнартта.
Күрсінісің көкті жарып, әз әлем,
Жүрегіңе жүк артпа!!!

Хадис бар-ды: «Бір күннен бір күн
бетер»,
Жазмыш – жалғыз, бұйырмап ед кімге
көр?!
Сүлейменнің жүзігінде жазғандай:
«Бәрі өтеді... Бұл да өтер!!!»



* * *

Жадылап есті жыр-елес,
Күдікпен көшіп күн-егес,
Бағдарсыз кетіп барасың,
Бақыттың жолы бұл емес!
Жалғаннан күтпе жандауа!!!

Пәнидің пақыр қонағы –
Жербауыр сезім солады.
Адамға адам мәңгілік
Аңсар боп көрген жоқ әлі!
Өзіңді-өзің алдама!!!

Еншінің біткен ерегі
Кемелдік болса керегің,
Мың соқпақ кезіп, маңып көр –
Дүниенің шықпас дерегі,
Бастайды бәрі Аллаға!!!

* * *

Сарғайтса да санадан Сендегі нұр,
Таусылмапты татарым Жерде жұмыр.
...Жол басында-ақ жазылған пешенеме
Баянсыздан бақ күткен пенде-ғұмыр...

Қайрандаған күйкілік кемесінде,
Мақшар таңда түсем бе мен есіңе?!
Саған қарай әр адым басқан сайын
Сүрінумен күн кештім, сенесің бе?!

34

Жолсыз жаздың үмітсіз ізін көмер
Көктемі пәк көңіл ем... Күзім не дер?!
...Сенің ғана алдыңда арым асқақ,
Сенің ғана алдыңда жүзім төмен...
Сол медеу...





* * *

Босағана байланып бар ғұмырым,
Жадылап ед бейдауа жанды нұрың.
Қайтар жолдың қорлығын қалай қидың,
Мені өзіңнен бөлгенде, Мәңгілігім?!

Құл-тағдырға қалаусыз қосқанда мұң
Жазмышыңнан жаны үркіп,
қашқан бағым.
Жарсыздық пен жолсыздық маған аян
Сенен кеткен күнімнен басталғаны...

Құдіреттен дарыған құтым барын
Танып тұрып, жалғанға жұтылғамын.
...Мен – мұңлықпын баянсыз
болмысымнан,
Үзірім сол, ей, мұңсыз Үкімдарым!

35





* * *

Саудайы тағдыр сынақта
Сансырап кешер жерлікпін.
Жамалың сіңген мұнартқа
Тал бесігімде телмірттің,
Сарылтқан сиқыр сағым-жар...

Ерендер елтіп ізінде
Таба алмай сырды сорлаған.
Пәнидің пақыр жүзінде
Періште-пенде болмаған –
Пәруана сұрлы халім дал...

36

Күрмеуін мұңның шеше алмай
Қор болып өткен құлыңмын.
Жеруани тірлік кеше алмай,
Жер болып кеткен ғұмырмын...
Жазана лайық жаным бар...



* * *

Шарасыз шырқ үйірсе шығай ғалам,
Мойынсал мұңнан медет сұрай ма адам?!
...Әзелгі азабымның асыл тіні ең,
Мен Сені сүйеді деп... кім ойлаған?!

Талансыз талмау сезім тосындығы-ай,
Жанардан жойдасыз жас жосылды ұдай:
Жанымды жанұшыра жасырсам да,
Мен Саған ғашық екем...
...О, сұмдық-ай!!!

37

* * *

...Аңсау ма ед ауыр күнә арылмастай?!
Тел ғұмыр тағдырласқа тамырласпай,
Жалғанды жалғыз қалай кешіп өтем,
Жанымның жартысына бауыр баспай?!

Жан беріп, сырдан мағына түйген ерлер —
Ғазалмен ғалам мүлкін билегендер...
Алланы сүйген емес әлімсақтан
Адамды өле-өлгенше сүймегендер!!!

* * *

Бақ пенен соры кіндіктес
Бұйырған жолым бұлғақ боп,
Тағдырды таптым таңдамай.
Айтылған сайын сыр бітпес,
Ашылған сайын жұмбақ көп,
Арылмай өттім, арман-ай...

Газалын ұқпай ғаламның
Тағатсыз күткен Таңсәрім,
Күрмелген Саған күлкім – мұң.
Сорыма біткен санамның
Асқынып тынған аңсары,
Ажалы Сенен рухымның...

38

* * *

Тамшы кәусар тата алмастай тұмадан
Аласұрып, аптығады алаң жан.
Әлімсақтан әзелгіде-ақ бұл адам
Асығудан жаралған...

Пенделерден пиғылыңды асыра
Беу, тірлік-ай, құбыласың қас-қағым:
Бір-ақ күнде орнай қапты басыңа
Басқа бақыт, басқа мұң...



* * *

Сергелдең салып ерік
Сор тұнған сорабыма,
Тірелдім тағы келіп,
Тоғыз жол торабына.


Парықтап пақыр ісім,
Дертіме ем сұраман.
Пенделік ақым үшін
Бір аян берші маған!!!

39

* * *

Жақыным – артта, жат – алда,
Жандыдан ермей жолдасым,
Сергелдең толы сапарда
Сен ғана серік болғасың.

Егесіз қалған елде едім,
Сүрлеуден-сүрлеу сенделдім.
Сусынға беріп, сенгенім
Мен жұттым шерді, сен көрдің...



Түйсінбес түмен зарды ешкім,
Тұрлаусыз көп пе ед тұрағың?!
...Жолсоқты болған жанкештің
Жылжиды, шыда, бір адым!

Қажытып келіп, қанша жыл
Андыған дұшпан алды ма?
Жол соңы жақын, сәл сабыр,
Қалғыма, әруақ, қалғыма!
Тұр, Ләйлә!!!





Әзірет Сұлтанмен екінші сұхбат

Рухыңның білмес бағасын
Ұлтыңның көрдің шамасын.
Тоз-тозы шыққан тариқат,
Кімдерге тастап барасың?!

Тәуекел етпес тәмам ер
Тірлікке жоқ-ты таласым.
Ауырын артты маған ең
Азамат таппай Алашың...

Дерттіге қимай дара бақ,
Жебеусіз жанды жаралап,
Сергелдең еткен санамды
Ол – сенен қалған аманат!!!

Жалғаннан күткем жалқы үміт:
Жазмыштың жүгін саралап,
Құнсыздан құлқы артылып,
Жияр деп есін жамағат...

Теңді ойла, мейлі, кемді ойла,
Елірме көпке нең пайда?
Егілме жырдан ес танды,
Ел қайда, Алла-ау, мен қайда?!

...Пәнидің тұлдап тарлығын,
Бақиға көшіп бар мұңым,
Сайрандап сүрер өмірді
Қайрандап кешкен зарлымын...

Шегінер соқпақ менде жоқ,
Шешілер түйін елде жоқ,
Шеменсіз пенде емге жоқ,
Тариқатым – тағдырым..



* * *

...Суарған сормен сезімді
Елге де, езге ет өлген.
Өксумен жүріп, Өзінді
Өлердей сүйген екем мен...

Жан шыдас бермес кәріне
Жазмышқа жырым көнген жоқ.
Түсінген мені бәрі де –
Сезініп ешкім көрген жоқ...

42

* * *

Жығылып жерге жүз үміт,
Делқұлы дүние есірді.
...Жалғыз тін кетті үзіліп,
Тауқымет-тамыр кесілді...

Әзәзіл мінез аяр бақ
Айламен шырмап торына,
Тірілер түсті аяңдап,
Өмірдің өлі жолына...

* * *

Жаз ғұмырын жастығында жерлеген
Жолсыз мұңға еріксізден ерді өлең.
Міне, тағы... Күндегідей бір бақыт
Көзін сатып өте шықты көлденең...

Жалт бұрылған жардан күтпей
жат қылық,
Сөне түсіп, Күнге күліп жатты үміт.
...Жасампаздан жаны үріккіш жалғаным
Кетті Хақтың дәргейіне лақтырып.

43

Әзірет Сұлтанмен үшінші сұхбат

Өз жаныңды ақтық арман алдаса –
Ел қазақта пір тұтар ер қалмаса,
Сенің саңлақ сұлтандығың сұраусыз,
Менің хикмет-ғұмырым да далбаса...

Тұтқыр дүние тұғырлының торы екен,
Суына алмау – сол сезімнің соры екен.
Жар сап, жан сап жанығып ем
жарты өмір,
Ол пәниде жоқ екен ғой...

Жоқ екен...



* * *

Пәруана сұрлы пендеге
Жан күймей бәрі жалған-ау.
...Алыстап кеттің Сен неге,
Азабың қайда, Аллам-ау?!

Құлдығын қимас азатқа
Ғаріпті сыйдыр ғаламға!
Тірідей көм де тозаққа,
Жанымда қалшы, жан Алла...

44

* * *

Нәр татырсаң нығметтен нең кетер-ді,
Құр бесікті, қор жалған, тербет енді –
Әлімсақта анттасқан асыл рухтар
Бірі қалмай тастапты жер-мекенді...
Ұждансыздан ұмытқан Ұлығын шын
Тамыры жоқ тексіздің тұғырысың.
Ібіліске ілдіріп ар тізгінін
Сал-сал болған санаңның сұры
құрсын..



* * *

Тұщымас тарпаң талғамға
Тұғырсыз тұлмен таласпан.
Адассам, ару жалғанда
Сені іздеп қана адасқам.

Араша сұрап ар-айдын
Сергелдең сынға салды да,
Сезімі семген талайдың
Сені іздеп бардым алдына.

...Айналған сынды адамға
Тәңірсіз жортқан тағылар.
Жүрек біткенде, жан Алла,
Сенен басқаның бәрі бар...

Жұмсауын таппай жаниды ел
Жанында қалған жарағын.
...Сені іздеп келген пәниден
Сені іздеп кетіп барамын...
...Қош!!!

* * *

Сағыныш текті сал-мұңға
Телміріп өтті тірлігім.
...Аңсаулы мекен – алдымда,
Арманнан азат күн бүгін.

Күндіз – күн, түнде шырағы
Сөнбейтін сол бел тым ыстық:
Мүлгіп тұр жалған жұмағы –
Шуақ күн.

Мола.

Тыныштық...





Әзірет Сұлтанмен төртінші сұхбат

Мен Қағбаны көріп қайттым, жан баба,
Арманым жоқ Аллаға.
Көңілімде күн сөнгенше өшпейтін
Бір өксік бар сонда да...

Жаза алмаған жәннат сынды жер емдеп,
Сағыныш тұр шемен боп.
Ұлы аңсарды байлап қайттым жаныма
Күрсінісім тереңдеп...

Тектілері тақуалыққа телінген
Менің мұңлы елімнен
Пайғамбардың қабіріне жетер жол
Сағыныштан өрілген...

Ажалдыға арман болған мекен ғой,
Жан дертіне жетер ме ой:
Бабаларым, әулие еткен сендерді
Сол сағыныш екен ғой...

Мінәжат

Есінде қалмай естінің
Өзекте өшті өксігім.
Шаңқ еткен шақта жас қыран
Жалт еткен жаста – көп сырым.
Аңсардан аусар жүректі
Тамшылай беріп, тесті мұң.
Тілекшіл жанды тұл етті
Пәнилік олжам – бес күнім...

Тарпаңның таптыр тынымын,
Ұлағат қайда, Ұлығым?!
Қай бұлыңыңнан іздермін
Дүлдүлдеріңнің дүбірін?!
Сомдаған өзің сырымды:
Бір демім – шаттық, бірі – мұң.
Жаназалама жырымды,
Мен өлген жоқпын, тірімін!

...Алапат халді сендегі
Аманат еттің мендегі.
Замана көшіп санада,
Мыңұдай күйім меңдеді.
Болжаусыз күннен бөлек ек,
Таптың ба тайғақ пендені?!
Кеудеме көшкен керемет
Білмедім, нені меңзеді...

Жандымын жақпас жайы көп,
Жамалың жатқа ғайып ед.
Бұлдырлау күннің бірінде
Басымнан бағым тайып ед.
Тәубемен кешсін тірлігім
Қасірет түбін қайыр ет!
Мың жылға татыр бір күні
Мінәжатыңа лайық ет...



II БӨЛІМ

ЕЛІМ - АЯУЛЫМ





ЕЛІМ – АЯУЛЫМ...

*Таусыншық күндей тағаты
Өлшеуге келмес өткіншіл,
Қыранның қырқып қанатын
Қорыңтар сынды көп күншіл, тегі,
аяулым...*

*Кеулемен еді кек кімді,
Үнсізін, ұлтым, көп тым-ақ.
Тік тұрып өлер тектіңді –
Тұқыртар тағдыр жоқ бірақ – мені,
аяулым!*

*Талайға тиер таңдамай
Тіршілік-соқпақ түбі – жар.
Аттанар шақта арман-ай,
Аманат етер кімім бар сені, аяулым?!*

*...Жұмдырса жылдар көзімді,
Кешпеген күні күрессіз,
Өтті деп білгін өзіңді
Өлердей сүйген бір ессіз, елім – аяулым...*




* * *

Құс қанатында өсірген далам,
Құс-көңіл ғұмыр кешірген далам,
Періште пейіл перзентің есіл
Көз жазып барад көшіңнен, далам.

Сіңіріп санам сендегі барды,
Шемен боп тұнған мендегі мәңгі.
Меңдесе жастан мың жылдық мұңың
Жырламас қалай жердегі жанды?!

52

...Нәрестең едім нұр елін көрген,
Жүрсе де жүдеп жүрегім шөлден,
Аспаннан алыс кетсем де бүгін
Бір қадам биік жүремін жерден...



* * *

Құлдырап кері күн-ағын,
Үзіліп үміт-тұмарым,
Қалқа боп өткен ерлердің
Қалқанын құшып жыладым...

Заманнан зауал жасқанған
Ғасырдан ғасыр асты арман.
Жас тамған шақта жанардан,
Қан тамған сынды тастардан.

...Ырымы қалды ұлыңның,
Жұғыны қалды жырымның.
Қалқалар жылап жүргенде,
Қалқаны қайда бүгіннің?!

* * *

...Бұл елдің күні – ертегі, түні – ертегі,
Нұр құшқан түмен баптың түгел тегі
Айналған түмен аңыз Түркістанға,
Айыбы – айықпас мұң кіреукелі.

Бұл жердің таңы да жыр, кеші де жыр,
Мың жылдық мұңды үйірер есіңе кіл.
...Қана алмай ен ертекке, ерен жырға
Жырақта жылжып аққан есіл өмір...

* * *

Құны жоқ құндылығы ойсыраған
Тәубаға таянар ма тойшыл аран?!
Мөлдіреп жалған тұрса жанарында
Жәннатты және іздейді ойсыз адам...

Аңсары айға көшкен армандағы
Пенденің тым-ақ мүшкіл таңданбағы.
Кәрі ағаш, қиыршық тас, себезгі нұр –
Жарандар, жәннатың сол жалғандағы...

Нұр емес, у тараған қадамынан,
Алаңсыз адам ұлы, ада мұңнан,
Жүргенде жолсыз жеріп жер-мекеннен
Барады жәннат көшіп жанарыңнан...

54

* * *

Түнек көңіл түндігі жоқ түрерге
Тамшы нұрсыз тұл ғұмырын сүрерде
Арқаға ауған аусар көшке не шара –
Абыз да жоқ, аңыз да жоқ бұл елде...

Зайырлығы заман қосқан «зиялы» ат –
Қаны кепкен қайран рухқа қиянат...
Тынып іштен тірлігіңді жалғайсың
Түмен бапқа түсіңде етіп зиярат...



* * *

Өзек жарған өз ұрпағың – тонаушың,
Қауқарсызға қадірі жоқ қоғамсың.
Жоқтаумен тең саған жазған жыр-мадақ,
Тіл кеткен соң, ділің қайдан оңалсын?


Артық сауал – арман қайда, ар қайда,
Бабалармен бір көмілген шалғайда...
Жан сауғалап, тіл-діліңді тәрк етіп,
Құтылмассың жазған мұңнан маңдайға...

55

* * *

Сұлулықтың суатына қанған күн
Ұлылықтың мұратына жалғандым.
Боздап өткен бабалардың бағына
Мен – мың жылдық үзілмеген арманмын.

Көріп өскен көк пен жердің кеңдігін,
Теріп өскен ен жалғанның шер-мұңын,
Жазмыш сынды жыр дарыған жанына
Ұлы дала перзентімін, мен, күнім...



* * *

Еркіндіктің ерен күйін тербеген
Ен даласын еншілеген ерке жел,
Абызы да, аңызы да өлмеген
Бұл өңірде әлі де бар ертегі ел...

Кер жалғанда кірбің барын білмейді
Жанарында нұр ойнаған жақұт көл.
...Шат-шадыман ғұмыр кешіп жүр
дейді
Күн мен айды күнде көрген бақытты
ел...

* * *

56

Назары түспей налытты,
Ұмытты ма әлде ұланын –
Беткейде жатқан жарықтық
Бекеттен медет сұрадым...

Талпынып туған далаға
Дауылпаз едік дертке бай.
Ғасырлар түсіп араға,
Асылдар сыны кеткені-ай...

Біз кешкен жолдың бәрі аңыз –
Сертіне рухтың жетем деп,
Мұңая көшіп барамыз
Мұңлықтар елін мекендеп...



* * *


Шер көңіл кер жалғанда кергісі көп
Тексіздік талқысына көнгісі жоқ:
Елсізге жолың түссе, молаға қон,
Бұл да бір өткен күннің белгісі деп!

Көз көріп киелісін жатсынғанды,
Жырланбай жылдар көшіп,
жақсың қалды.
Күрсінтсе құс боп ұшқан қайран заман,
Есіңе ал шөл жайлаған ақсұңқарды...

57

Оралмас тұлпар дәурен қайрылып күн,
Тұғырдың тұрқын көріп,
зайғы үміт мың.
Жалынан жабырқатпай бір сипап өт,
Жусаған іштен тынып сәйгүліктің.

...Келгенмен көн тарихтан көшің есен,
Елдеспей еншілеспес екі кезең:
Сағасын су орнына жас кеулейді
Жағасын жан баспаған жетім өзен...
Есіл-өзен...



Мазар – менің тарихым

Құла түзде қалқа боп көр-кебінге
Жем болғаны аз ба еді желге, күнге?!
Мазар – менің тарихым!
Ей, адамдар!
Тыныштық бер тарихқа өлгенінде!

Ұлылыққа ұласар хәл таңдасан,
Ақыретті қайтер ед сәл қамдасан?!
Мазар – менің тарихым!
Ей, мұсылман,
Құдай кешпес тарихты талқандасан!

Зердесізді келсе де зиялы еткің,
Жер болмаса, жалғанға сыяр ед кім?!
Мазар – менің тарихым!
Қорлар болсан,
Жалған қолы жағанда қиямет күн!

* * *

Көшпендіміз күн кешпеген күрессіз,
Байтағында бір көшсе де батыр-ез
Біздің халық болған емес жүрексіз,
Біздің халық болған емес қатыгез.

Ағарғанша азаттықтың ақ таңы
Бақ жолында кешкен сордың бәрі – игі.
Біздің тарих – ғасырлардың мақтаны,
Біздің тарих – руханият тарихы...



* * *

Сарқыт боп жетіп, сахарадан үн,
Ғасырлар айтқан ғазалдан,
Арманын көрдім ата-бабамның
Мысырда қалған мазардан...

Сарғайып сан жыл саяда гүлсіз,
Сарыла күткен ғажап бір,
Қабірдің тасын аялап үнсіз
Өрнегі жатты қазақтың.

Елеңдей көшкен есілген құмда
Ғаріптің ұғып мұң-зарын,
Құдірет бейне көшірген мұнда
Қамысты көлдің жұрнағын...

Болмысы жаттың бағына біттің –
Жанары – жайсаң, жаны – қыс.
Үзіліп түсіп, жадынан жұрттың
Шалғайда сөнген сағыныш...

Сағасы сынды сан-сала шердің
Жанары жасты Ніл елі –
Жусанды жұртын аңсаған ердің
Мысырда қалған мұңы еді...

* * *

Жазмышың жиған тарқар ма шерің,
Тоздырмас рухты табылып айла?
Жасампаздықтан жан салмас елім,
Тарихың бай да, танымың қайда?!

Жан-ділің кешкен бәрі есте жұттың,
Сорыңа бітті сынақты талай.
...Шырылын естіп, нәресте-рухтың
Жеті қат аспан шыдап тұр қалай?!

...Болмысың еді басқа қауымнан,
Айырмаң бүгін көк пен жерге тең.
Темір төсеніп, тасқа таңылған
Өркениетің өркендер ме екен?!





* * *

Ен жалғанның естелігі мұнша тар:
«Жағасына жайнай біткен тұмса тал,
Албыраған ару Жайық бойында
Болған екен ертегідей бір шаһар.

Бір өзіне бұйырған соң бар айшық,
Көзіктірген көп қадалған талай сұқ».
...Үнсіз жатыр үй орнындай үйінді,
Бізге жеткен бұл – бүгінгі Сарайшық...

Қалқымайды бұрынғыдай қаз-қу да,
Жар құлайды жайрай түсіп тасқынға.
...Өткенімнің орнын сипап мен тұрмын,
Қу бас жатыр аяғымның астында...

Тарихымнан тамтық қалмай таланды,
Сазбен бірге су шаюда санамды.
...Құлазыған сені көріп, Сарайшық,
Мың дертіме тағы бір дерт жамалды...

* * *

Жалқымен жаны ұғыспай
Жырақ тұр жаһан бағы.
Сыздаған сағыныштай –
Жалғыз тал жапандағы...

Тағдыр ед таныс неткен:
Табылмас ділгір емі
Даралық зарын шеккен
Сен де бір мұңлық, елім...

Мұңлықтан зарлық туып,
Бақытқа бар ма жеткен?
Шерге өзің шалдықтырып,
Жырынды жалғап өткем.

Еліткен естінді кіл
Ен жайлап өлең жұртын,
Сен болып кештім ғұмыр,
Сен болып өлем бір күн...

Оралып атырапқа
Мың жылдық мекен саған,
Табысып топыраққа,
Айналып кетем саған.

Күн кешкен күйігінде
Әлдилеп мұңымды аспан,
Жатармын биігінде
Жанарым жұмылмастан.

Соңы жоқ сергелдеңнің
Сүрлеуі суынбайды –
Арманда өлгендердің
Жанары жұмылмайды...

* * *

Таусылмастай түйілген
Тоқырады тұнжыр түн.
Әнтек қана сүйінген
Әлсіз қақты мұң бүлкіл.

Қарлы жүзге қан кірді,
Тау түледі, жыл ауып.
Бұлың-бұлың тағдырлы
Бұлт сергіді бір ауық.

Жарық жылжып санамда,
Көтерілді күн аздап.
...Менің арман-даламда
Бар екен-ау біраз бақ...



* * *

Нығметке бермес науан жүк –
Сарабал тауға сара бақ.
Айнымас дертке адалдық –
Алладан жеткен аманат.

Жазмыштан озбас жан тулап,
Тәңірлік тағылым шерге бай:
Талайлы тағдыр тартулап,
Таусылмас сабыр бергені-ай!


...Күдірет-сырға қаныға
Сертіңе қосқай сесті ерік –
Меркенің мұңлы тауына
Еркелік жазған естелік...

64

* * *

Өзеуретіп өзекті өртіне кіл,
Жібермейтін жырымды еркіне бір
Қайдан ғана жұқтырдым, қалай ғана,
Саған деген ғашықтық дертін, елім?!

Айырбастап аптығын жалын жастың,
Аманатқа алғаным – арылмас мұң.
...Тал бесікте жабысқан жегім едің,
Жер бесікке жеткенше жазылмаспын...



* * *

Мағынасыз... майда күліп мақпалдай,
Күңгірт белге көктем келе жатқандай,
Тоң мінезін тоқыратып қаңтардың
Алып-ұшып ақпан жетті ақмаңдай.

...Мезгілсіздің мың құбылғыш мұң тілі,
Қайта соғып қайраңдатар бір күні.
Маусымында алай-түлей боранның
Күн жарқырап шыға келді...

Күлкілі...

* * *

Сапардың сөзін жоқшысын жолға
салған кеш
Батагөй бастар.
Әзелден жеткен үрдіс – сын.
Аттанар шақта аулынан ардың
арман-көш,
Запыран жиған замана, неге үнсізсің?!

Санасыз күннен сезінген
серттің салмағын
Шарасыз күлген ол сенен өткен қаралы:
Ақтыққа беттеп,
ақ бұлттан асқан ардағын
Ей, ғазиз ғалам, рухыңды теңдеп барады!!!



* * *

...Тарлан жұртта тобасынан танбайтын
Бір аңыз бар мұңды мұңға жалғайтын:
Бақыт шіркін назар салмас жандыға
Қарт деседі жерден көзін алмайтын...

Бақ қабағы ашылмайды құрсап түк,
Жыртық жанын жамай алмай жүр
шаттық.

...Өзектіні өртеу үшін берілген
Өмір деген – өксік қана бір сәттік...

66

* * *

...Жарқ етті де, жан бітірді жарқын жүз
Жермінез түн, жербауыр мұң тән елге.
Бал-бұл жанды бала мінез бар жұлдыз,
Алақайлап АЙ барына әлемде...

Барқын күмбез бозаң тартып бір
демде,
От-моншақтан ораныпты оқаға.
...Күреңітіп, күн ашылмай жүргенде,
Алматыда түн ашылды...

О, тоба!!!



* * *

Тосын тағдыр біреуге – бақ, бірге – азап,
Тектілікке таңылған-ау сын ғажап:
Түмен қызық тойласа да қырық күн,
Бір көңілді ән салмапты бұл қазақ!


...Жаны жайнап жүрмесе де жыр бүгін,
Сенің ғана барыңмен шат тірлігім.
Жүрегіммен шырқар-ақ ем,
өзіңнен
Бір көңілді ән қалмапты, мұңлығым...

67

* * *

Қытымыр көк қуартарда жас тәнді,
Шыр-шыр етіп жер-нәресте тастанды,
Бедеу аспан бұлқан-талқан болды да,
Алматыда нағыз өмір басталды...

Нала сынды нөсер жайлап жан-жақты,
Шуақ күнде шаңытқандар шаң қапты.
Жасынымен жайпап жүріп жанкешті,
Маң қалада мінез барын аңдатты...



* * *

Періште жоқ бұл елде!
Сайтан боп кеткен бәрі...
Жоғалған бәлкім, асып көктен әрі.
Басынан бақ тайғанда бүгінгінің
Жарыса төгіледі беттен ары...

Үмітсіз ілгергінің келді аяны,
Ел жайы – ертеңі жоқ көр баяны:
Сатулы қабағы мен сорға біткен
Сатулы құлшылығы сол баяғы...
Сол баяғы...

68





Көңілмен екінші сұхбат

– Ел қазақта ер қалғандай пайымды,
Келеңсізден күтіп келдің қай үлгі?
Жұлып алып, жерлемеп пе ед жебір қол
Мандайыңнан туып тұрған айынды?!

Тозған жұртпен торықсаң да тобаң бір,
Жұқпасын деп жанығасың соған кір.
Атар таңын армен бірге жоғалтып,
Құдіреттен қарғыс тиген қоғам бұл...
Тірлігі – тұман ала...

– Тағдыр қосқан
тауқыметім – тастанды ел,
Жазмыш – жалғыз,
жасасаң да жастан көл.
Тозған жұрттың тақсіреті тамырда –
Мың бұралаң тура жолға бастар жол!

Серт – сергелден, сезім – сарсаң,
сана – мұң,
Ақыретті аңсатады әр адым.
Алақанда ақиқаттан от ұстап,
Ұстараның жүзінде тұр заманым...
Сен оны кінәлама!!!

Құртқаның зары

Меккеге тете мекенім...

Қ. Сарыбаев


Меккеге тете, мадақтан мұңсыз
Менде де бар-ды бір мекен.
Жандауам еді жаратқан мінсіз
Жан дертім болды жыр етер...

Жағалап құзды, жарға түнедім,
Қия алмай қанша қайрылдым.
Жалғанға біткен жәннатым еді,
Жылай да жылай айрылдым.

70

Талансыз түзде жортамын енді,
Жем болып жатқа жиғаным.
Құт берекенің отаны еді,
Сол жұртқа неге сыймадым?!

Қан басқан көзі қандастарым-ай,
Қызылсырарың мен бе едім?!
Жарыса жұлқып, жармасқаның-ай
Ұялас болып көргенің.



Тозған жұртында топтана ұлып,
Талауға түскен тектінің
Жаныңа жиып жоқ дарақылық,
Қорлықпен өтті көп күнің.

Көмулі көсем тегінде өлді,
Қорланған уақыт кек алар.
Мен кеттім өлмес өмірге енді,
Ал сенен көпке не қалар?!

...Жақсылық тауып жырласын қайдан
Жылусыз жұрттан жосын ой.
Сұлбасы – сайран, тұлғасы – ойран
Тірліктің түрі осы ғой...

71

* * *

Елсіздіктен елегізіп ен өлке,
Ер көңілде күнгеі тартты көлеңке.
...Неге жылдам жабырқайды жарқын жүз,
Алматыға күз түседі неге ерте?!

Құм құйылмай көз көркемге тоярдай,
Жазған жан жүр құл тірлігін қоя алмай.
...Баянсыздың бар мінезі мезгілсіз –
Күн де ерте батып барад...

...Ой, Алла-ай!

* * *

Тұтқыр дүние тосқанда тығырықтай,
Жыр құюшы ед жүрекке жылылық
қай?!
Өлген жері осы да сезім-сордың –
Қор болдым-ау қобыздың үнін ұқпай!

Арсауға, діл!!!

Аулақ сал әлегінді!

Жоқтамаймын жалғаннан жан емімді.
Жаһанданғыш жұртыңды жиып ал да,
Қайтар маған өзімнің әлемімді!!!



* * *

Пәрмені үстем пақырға да патшаға,
Жан алғышың – жаһанданғыш жат сана.
Үкім жалғыз: Үн қатуға хақың жоқ
Атаң қойған атыңды алып жатса да...

Арбап алдан мамыражай елес-күн,
«Күрес!» деп те қинамайды сені ешкім.
...«Күрес» деген сөз сіңірген санаға
Желтоқсан да жемісі екен Кеңестің!

Бүгінгіге артпағандай қоғам жүк,
Біз керемет болашақшыл боп алдық.
Сәтті ертекті сан қайталап күніне,
Иландық та, күресуді доғардық.

Келер күннің еншісінде – кіл «ғажап»,
Желтоқсанмен жаншылды да тынды азап.
...Енді ешқашан жаңғырмайды біздің рух,
Енді ешқашан күреспейді бұл қазақ...
Жаһандану тұрғанда!!!



* * *

Алаң – мынау, елдің анау хәл-жайы –
Бар байлығы – сор тірлігі саудайы.
Ғасыр тұрмақ, мың жылда да бұл елдің
Ту ұстарға жарымады-ау маңдайы!

Тобырдың да, тұлғаның да тұрқы бір,
Сөз ұстарлық ер қалмапты, ту түгіл.
Ілбіп келед селдір-селеу жалқы топ,
Желтоқсанның жырым-жырым рухы
бұл...

74

* * *

Құбылмалы күйге нанып көктегі,
Лезде ұмыт боп, қарлы боран өткені,
Күн жарқ етсе, бүршік атқан қаңтарда
Беу, көңілшек оңтүстіктің көктемі!

Жырақ қонып, жайраң жаздың жыр-
әні,
Қыр астында қыңыр ақпан тұр әлі.
...Кірбің қабақ қыс-жалғанда,
жарығым,
Нұрсүйгіштің қанған емес құмары!

* * *

Сел көшсе де селт етпейтін санаға
Сай қосылған пәруейсіз пана да.
Адам тұрмақ, ай мен күнді таппайсың,
Жер түгілі, аспан да тар қалада...


Болмысымен бірге сыйлап шалалық,
Тәңір сүйіп жаратқан ғой «дара» ғып:
Біздің елдің асқары да жермінез,
Біздің елдің аспаны да ала бұлт...

Толғау

Таусылып бітпес толғауым,
Тарқалып тынбас шеменім!
Түнектің көрдің торлауын,
Есінді жишы, ер елім!!!

Тұсалар тұсқа таяндың:
Тегіңе тартар түрің жоқ.
Аңдасаң етті, аяулым,
Мінезсіз ұлттың мұңы көп!

Жаралған көкте жасын ек,
Жоқтауға жырым толар ма?
Қағазда қалып қасиет,
Қалпыңнан көшер болар ма?!



Мың үзік болған көңілдің
Көктей де жүріп көгенін,
Сергелдең мына өмірді
Сен үшін сүрсем деп едім...

Көргенің қайсы көшелі ел,
(Сұңғылаң қайтсін сорламай?!)
Көзін бір таппай көсем ер,
Қанымда қуат солғаны-ай!

Дабысы дала тұнардай
Топтанған жұртта тұлдырсың.
Құрдымға сіңген құнардай
Құмығып кешкен күн құрсын!!!

76

...Бұрылмас жолға бекінгем,
Ермесе-дағы ерен еш.
Шабуын таппай кетілген
Шерменде соңы мен емес.

Ұғарға жетпей ұлағат,
Ұлықтай алмай ұлтымды,
Тұрса да тірлік тұралап,
Талауға бермен рухыңды!

Сезімнің сеншіл шегі жоқ:
Тұғырым, тінім, теңі жоқ!
Сен барда маған сему жоқ,
Мен барда саған өлім жоқ!



Түмен баптың еліне

Ер мінез жастан жеке едім,
Еншіме бітпес екі өлім
Ер тағдыр нәсіп екенін
Еріксіз ұқтым, не етермін,
Ей, менің ұлық мекенім!

Үміттің жібін үзді кім?
Ілдірмес жатқа тізгінін
Үкілеп қосқан үздігің
Үгіліп барад, не етермін,
Ей, менің ғайып мекенім?!

Ұл болып тумай ұтылдым,
Жалғанның кешіп жұтын мың,
Қашқанын көріп құтымның
Қайратсыз көндің, не етермін,
Ей, менің жұмбақ мекенім...
Жылымшы жылдар жетегін
Жырыммен жұлқып өтерім,
Сергелдең сертке бекемім
Сендірмес болса, не етермін,
Ей, менің мұңлық мекенім...



Ғасырдың ұлы, қайдасың?!

Құндылықтарын құнсыздап,
Құрдымның жайлап жиегін,
Құмыққан кегі құр сыздап,
Есіл де елге ие кім?!

Үлгіме тұтар үрдіс жат,
Тұғырсыз туған тұл емен.
Тектіден қалған туды ұстап,
Бұрар ма көшті бір ерен?!

...Тағдырдың таңы бозармай,
Таптырмай түнек жоғымды,
Көкжиек жақтан көз алмай,
Күтумен келем жолыңды...

Парасатты ерім, пір тұлғам!
Ер салсаң атқа елтінжал,
Ұл ермес болса ұлтымнан,
Сабыңда тұрар сертім бар!

Белгіңді білдір, бекем ер,
Жарағын жұртың сайласын.
Ғаламның рухын көтерер
Ғасырдың ұлы, қайдасың?!



Ар алдында

*(Данияда Мұхаммед пайғамбардың
карикатурасы жарияланғанда
жазылған өлең)*

Қорланып қасиеттім,
Қайратым қайрандады.
Жер болды жасын-екпін,
Ақырдың пайғамбары!

Табылмай арашаң бір,
Тұлдырдай тайған бағы
Алдыңда аласардым,
Ақырдың пайғамбары...

Мойынсал момын елің
Серті үшін сайланбады...
Қоғамның қоры ма едім,
Ақырдың пайғамбары?!

Көңілге күн де – түнек,
Ойымның ойран бәрі.
...Үкім айт үмбетіңе,
Ақырдың пайғамбары!!!



Дария тасып келеді...

Түнекті түлек түргей де,
Тірлікті Тәңір теңеді –
Көшінді түзе күнгейге,
Дария тасып келеді!

Жасықты қалдыр жұртыңда,
Теңіздің тартсын тереңі!
Асылды қимай құрдымға
Дария тасып келеді...

80

Бұйығы дүние бұлқына,
Кемелдік кернеп кемерін,
Бастауы болған бір тұма
Дария тасып келеді!!!

...Жазмышқа көніп жатқан ел
Жербауыр сезім жемі еді.
Сезігің болса, сақтан, ер,
Дария тасып келеді...

* * *

...Жонында ат ойнатқан құба белдің
Дәуренім дертке айналып, тына бердім.
Қара аспан үн шығармай жылайды тек,
Бұйығы болмысын-ай мынау елдің...

Желмая жүрісінен жаңылып күн,
Ілбіді жетегінде жабы үміттің.
...Жан дала! Жайсаң дала, жасын-дала,
Мен сенің мінезіңді сағыныппын...

Қаратауға наз

Үгіле түсіп, үрледің
Ұшынған дерттің ұшқынын.
Жермінездерге үлгі едің,
Жерұйығымның ұстыны!

Жасынға төсін жанитын
Қажыған сайын қара шың,
Тұғырлы жұрттың тарихын
Тұқыртып кетіп барасың...

Танымай тастан тегімді
Санама түсті сан ақау.
...Қазынам қайда көмілді –
Қарттарың қайда, Қаратау?!

...Қарттарым қайда, Қаратау?!

Замандасқа

Талқы-тағдыр тектісін тұлымдайды:
Көңіліңе көп түнеп ұрын-қайғы,
Қан кеш мейлі, қаза кеш, ей, замандас,
Біздей буын ешқашан туылмайды!!!

Қайрай түссін кегінді құйын-заман,
Сүйгеніне сақтаған сыйын далам:
Бізден бұрын өткеннің біріне де
Біздей ауыр аманат бұйырмаған...

82
Ұлағаттан ұйысқан ұяң жайлы
Тексіз тұлдар қайратсыз қиялдайды.
Қансыраған өр рухы қайсар ұлтты
Екеуміздей ешкім де сүйе алмайды!!!

Ерте есейткен ел мұңы ер екенбіз –
Тәуекелмен тұғырды тең етерміз.
Ұлтпен бірге өшетін не өсетін
Ақтық сынның алдында – сен
екеуміз!!!



* * *

Тағдыры терең тобамның:
Құрсақта қонып тәмам мұң,
Талықсып тұрған заманның
Аш өзегінен жаралдым...

Жеруани шаттық жоғалған
Мезгілсіз меңдеп мың қайғы –
Жалғанда дертті қоғамнан
Дені сау ұрпақ тумайды...

Дертті боп келдім өмірге,
Дертіңе іздеп дауаны,
Тірлікті қидым еміңе –
Бірлікті қайдан табамын?!

Ойраны шыққан ордам-ай,
Жамаумен жүріп үзігің,
Айыққан рухтың арман-ай,
Барамын көрмей қызығын...

...Болмысым, бағым, баяндым!
Санамның сен деп солды әні.
Жандауам – жұртым – аяулым,
Сен аман қалсаң болғаны...

* * *

Жайлауын рухтың жат алған,
Үріккен ділде – үрей мың...
Жандауа сұрап жаһаннан,
Қармана тұрып тілеймін:
«Аруана көңіл, арда мұң
Арытқан алаң саналым!
Дәрменін табар бар ма күн,
Дәурені көшкен даланың?!

84

Жоқшысын жанның жүдетпе,
Тұрманым ба еді тұл егер?!
Түмен бап елі түнекте,
Тілеуі бірлер, түрегел!

Тұралап тынған тұғырың,
Бақ құсы, қайта қона гөр!
...Ұлағат тұнған Ұлығым,
Ұлтыма пана бола гөр!»

Тұғырлы жырға тұрды аяз,
Таба алмай тындым мен емге.
Шаттығым шығар тым таяз,
Ал мұңым менің – тереңде...

Шырқырар жаным шер меңдеп,
Бірін де жүрсің сен көрмей.
Бір өксiк қалды кеудемде,
Мың дертім мәңгі емделмей...

Қызығын ойдың кем көрдім,
Тұрақтар жан жоқ жанарым.
Сергелдең ізбен сенделдім,
Қайраның қайсы, қарағым?

Тағылымды ойға тең жанбыз,
Тағдыры тектес тұл іңір.
Сен-дағы жалғыз, мен жалғыз,
Мың жалғыз жүрміз мұңы бір...
...Тоғайып жаның тыншыпты,
Баянсыз бақты бұл көріп.
Ызалы жасты ыршытты,
Күдіктен көңілім күрмеліп.

Шырқатар шыңға күн бар ма,
Рухыңды тіліп ар-алмас?
Мұң қосар шақта мыңдарға
Сен қайда жүрсің, замандас?!

Түркістанмен қоштасу

Көкейіме қондырып ырғақ бөтен,
Сен сыйлаған санама сырды ап кетем.
Жылы жауып жылдарды жадымдағы
Жырақ кетіп барамын, жұмбақ мекен...

Сүйініп те күн кештім, сүрініп те,
Бір мұңымды жалғадым мың үмітке.
Сенде сүрген өмірдің бәрі аяулы –
Сені сүйген жүрекке үңіліп көр!

Сені сүйген жүректің соры қалың,
Шарасыздың шырмалар торына мың.
Қасиет пен қасірет қатар қонған
Болмысыңа бір дауа жоғы мәлім...

86

Сені сүйген жүректің тыңдашы үнін:
Бауырыңда бір күй бар бұрмасы мың.
Сенің рухың түнекті түрмеп пе еді,
Талқан етіп талайдың тұл ғасырын?!

Орта түсіп ой-қазан ойсырадым,
Тамырыңды таныр ма тойшы қалың?!
...Өлген рухы тіріліп, өшкен жанып,
Баяғыдай болар ма бойтұмарым?!
Баласаң да басымды батыр ұлға,
Тыншу білмес тағдырдың тақымында
Қош, Түркістан! Баз кешіп бар
жақсыңнан
Бақыт іздеп аттандым ақырында...

Қош, Түркістан!!!



* * *

Таппастай тамырыңнан тұғыр-сая,
Жанықтың жат әлемге сұғың жая.
Жасап ап жан шошырлық өркениет
Ғасырдан ғасыр кештің ғұмырзая...

Қанында құнар қалмай қайрандаған
Ордасы от түскендей ойран ғалам.
Пенде боп бірде өзгеге, бірде өзіне
Күн кешкен алданумен қайран қоғам...

Өзекке өзі теуіп бел баласын,
Еншіге еркін тиген ен даласын
Еңсерер есіл ердің бәрін жұтқан
Бейбақ ел, сенері жоқ сен ғанасың...

* * *

Жыл кеміп, жоталанып жияр қайғым,
Қияндап кетсе-дағы қиялдай күн,
Баурыма басып өлер байтағым-ау,
Мен сені ешкімге де қия алмаймын...

* * *

Кемелдік көздер күнінде
Қармалап тәннің талабын,
Түйсінбей қойдың түбінде
Жанында жанның қаларын...

Аманат-тағдыр жүр сенде
Ес кірер күтіп кезінді.
Басқаның бәрін білсең де,
Танымай өттің өзіңді...

Күнсызға құлқы құл болған
Телініп жатқа тұр үнің.
...Ұғымсыз ұлтқа ұл болған
У мен зар менің ғұмырым...

88

* * *

Үміттің үні естілмей,
Үнсіздік тұнды сөзімде.
...Еліме тартып, ес кірмей
Есейген екем өзім де...

Сергелдең тағдыр серті — мұң,
Өкүмен өттім, өлгем жоқ.
...Баянсыз бақыт, бер тыным,
Мен сені іздеп көргем жоқ...



* * *

Күн кешіп қорғансыз,
Бір күліп, бір жылап,
Болмысы болжаусыз
Тағдыр тұр тұнжырап...

Қайтып ед қай дертім?
Зор бақыт сол-дағы –
Аспанда ай мен күн
Сөнбесе болғаны...


Алдырмас алыппын,
Тәні – тас, жаны – мұз.
...Андамай қалыппын –
Астана... Сары күз...

* * *

Менің тәнім – құрсауында қоғамның,
Шүкіршілік етем бірақ соған мың.
Жандыда жоқ жазмышыма бұйырған
Тегеуріні таусылмас бұл тобамның...

Тамырымды табыстырмай тегіме,
Тағдырым тұр тексіздерге теліне.
Бақыты бар пенделерден бас құрап,
Көшті керуен менің туған жеріме...

Жалған-сорға жаттығымды сезіне,
Күбірлеймін күрсініспен көз іле:
«Менің рухым Түркістанда түнеулі,
Өз сәлемім жеткізгейсің өзіме!»





* * *

Күн озса бетін көрмей, шетін көріп,
Кетеді кер жалғанға етің де өліп.
Зауалы бұл заманның – надан басшы,
Қол кескен өтпес пышақ секілденіп...

Бағдарсыз бұра тартқан көр тегіне,
Көр ұлы, кім иланар ертегіңе?!
Талқыңнан түмен нала тартқан елдің
Тағы үміт арт деймісің ертеңіңе?!

90

* * *

Серік боп самал шерлене ескен,
Сар даласында сор тұнған ұлттың
Сендермен бірге сенделе көшкен
Жер сипап жүрмін жұртыңда рухтың...

Арзулы жанға арсауға айт ем,
Қан-жоса рухқа қарыздар қылмай –
Аңқасы кепкен Алашты қайтем,
Абыздарым мен аңыздарым-ай?!



* * *

Шемен жүздің серпіп шерлі мұнарын,
Тұғырыңды тіктер қашан туар ұл?!
Құрбандыққа құны өтпеді-ау қызыңның,
Тұрлауы кем тірліктегі тұмарым...


Тәубасы көп, тағдыры жоқ тасынар
Арманды елге аспан бір күн ашылар...
Мөлдіреген менің мәңгі мұнымда
Мың жүректің бір-бір тамшы жасы бар...


91

* * *

Жанымды жалын тілмелеп,
Көңілді күдік күрмелеп,
Сезімді сезік жүлгелеп,
Сыналар рухым күнге кеп,
Қиналдым Алла-ай! Пір, медет!
Пірлерден қалған жыр, медет!

Шер меңдеп өткен жүрегін
Шерменде көптің бірі едім.
Шерқала менен шерлі емес,
Шерлірек менің тілеуім!





Ел болар ма екен елім деп,
Жер қылар ма әлде жебір деп,
Сергелдең болды сенім көп,
Кернеуде жанды кегім кеп.


Адамы азғын амалда,
Зауал боп төнген заманда,
Бір тілім бар-ды, бір дінім,
Соларды сақта, жан Алла!

Мың телім етпей мың сыншы,
Санама салтым сіңсінші!
Мәңгілік елім болмай-ақ,
Тұрғанша дүние тұрсыншы!

92
Сыналар шақта шын елім,
Түрілер шақта түнегім,
Бірігер шақта білегім,
Жүгінер Хаққа жүрегім:
«Аллажар» сұрап Алладан,
Пірлерден медет тіледім...

III БӨЛІМ

КЕШКІ САҒЫНЫШ





*Жұмбақтау жайнап жамалы,
Тербеліп тірлік күйіне,
Адамдар қайтып барады
Қараша-мекен – үйіне...*

*Сыздата тіліп сананы
Бауыры жара дүние,
Адамдар қайтып барады
Араша-мекен – үйіне...*

Кешкі сағыныш...



Мен туғанда берілген

БАТА

Кергімей көнер кермекке
Пенде боп туған пақырсың.
Тірлікті татып көрмекке
Жалғанға бара жатырсың.
Бақимен бітпес бар ұғым,
Бақ серік болар кімге ұдай?
Жасымай аттан жарығым,
Жалғыздың жары – бір құдай!!!

Мың тілім болған жүрекке
Мың жылдың мұңын сыйдырып,
Мұңлықтан туған тілекке
Мәжнүннің басын идіріп,
Тұралап тынған ұлтыңның
Талаурап тұрған рухының
Тұғырын тіктеп, ту ұстап,
Күрмеуін шешіп ділінің,
Ар дауа ақтық ілімнің
Асылын шашып уыстап,

Тоз-тозы шыққан жалғаннан
Түп-тұнық болып көшерсің,
Абыздар елін армандап,
Аңыздай ғұмыр кешерсің,
Әумин!!!

Қараша, 2008.





Бесік жыры

Кемелдік кімді керек етеді,
Біледі дейсің, ел нені, ұлым.
Аллаға аян, неден екені,
Біздің тілекті бермеді, ұлым...

Жат жұртта мынау жан сыздап өткен
Сағыныш емі – сәби ғой, Ерен!
Бауырсыз, жарсыз, жолсыз жан еткен
Дүниенің заты – пәни ғой, Ерен...

96

Жандыға налып, жер мен көктегі
Тал бесік тар боп, тебінбе, Ерен!
Өз мұңым қинап көрген жоқ, мені,
Сыбағаң солай, сенің де, Ерен...

Жандауа жоқпен дерті үшін ұлттың
Беркініп бір күн шығарсың, ұлым.
Сергелдең кешкен серті үшін рухтың
Анаңды сонда ұғарсың, ұлым!



* * *

Қарайламай құл ғұмырға, қор атқа
Беркініп ек бес күн жалған қонаққа.
Қату қабақ, қажыңқы жүз, қарлы әлем –
Ерен ұлдың несібесі сол-ақ па?!

Алты алашқа азандатар әз атын
Ел қазаққа әлі таңсық азат үн.
Есінді жи, ей, көкжалдың тұқымы,
Өз жарасын өзі жалап жазатын!

Қандас үшін қаптай жортқан қиырдан
Баба салттың болмысы да сұйылған.
Бізден өткен талайы кем буынға
Өз кіндігін өзі кесу бұйырған...

...Көкірегінде тұнып туған наласы
Күрсініспен көз ашқанда баласы,
Бір назарлық серпілісін қимаған
Марғау мінез есіл қазақ даласы...



* * *

Ойжады ғұмыр сыйлаған
Ойсыздау мына заманда,
Қайғысыз көпке қимаған
Сен ғана қалдың санамда.

Жазмышты жолсыз жеңбесе,
Қажусыз қайрат – ол да тұл.
Сені іздеп сезім сенделсе,
Сенбеске сенген сорлы ақыл...


Зар екеш зар да зорыққан,
Тәңірден тілеп күні-түн,
Тұманды жұртта торыққан
Күмәнді менің үмітім –
Сен ғана...

98

* * *

Ғасырлар бөлген арасын
Ғайыптар сынды күн кешіп,
Жүректің жазу жарасын
Жазмышта бар ма тілдесіп?!

Сансырап сүрген ғұмырын
Сол мұңлық әлі сен көрген –
Сенделе көшкен тірі мұң...
Сергелдең түбі – сергелдең...



* * *

Күнге ғашық көңілімді күндей ме –
Құбыланамам қаратпайды күнге.
...Құлыпталған құндақтаулы күйінде
Жүрегімде жарқырайды бір бейне...

Күреңіте кірбің артып кей күнге,
Көңіл ұйыр «дауасыздық» дейтінге.
...Елегізген ессізге елсізде
Елестейді Тәңір сенің кейпінде...

Жанаса алмай жай түсірер жасындай,
Жанарларда жарқыл жүрер қос ұдай.
...Ақыретке алаңдаулы абзалым,
Жаратылдық біздер неге осылай?





* * *

Үгілме дертті үдетті,
Үзерге келмей кезім бір.
Жеміріп бітіп жүректі,
Санама түскен сезім бұл...

Ашылмай өткен адамға
Сырыңды жырым білсе еді...
Естанды еткен ғаламда
Екеудің бірі жүрсе еді!

100

Болмысым бастан баянсыз,
Байларын саған кім білген?!
Айырар едім аяусыз,
Өзімді таппай тұрмын мен...

Бөлуге келмес бірі деп,
Шошына қаштым шындықтан.
...Қалпымды құйған күдірет,
Құтқаршы мынау сұмдықтан!

* * *

Қосшы-ғұмыр құрықтап ап текті ерді,
Жалған тірлік жалған мұңын жеткерді.
Аңсарлыны ауыздықтап аусар күн,
Әр кеудеде бір-бір арман кеткен-ді...

Күзге, қысқа...

Жылға ұласып жаздық ән,
Нар көңілді налалы етті наз-күмән.
...Бізге нәсіп бірер тамшы нығметтің
Басы бар да, аяғы жоқ бағзыдан...

101

* * *

Еншісіне елегізу бұйырған
Сары күзде сабылып,
Таба алмассың түндер қатып, қиырдан
Жанұшырып, жанығып
Жеткенмен...

Азар шегіп азаматсыз қоғамнан
Тағдыр тепкен тірі доп,
Өз тарихтан өкси-өкси жоғалған
Көп беттердің бірі боп,
Кеткем мен...

* * *

Сарсаң жанға сауға тілеп ақ таңнан,
Өң өзгермес ой-күнәға батқаннан.
Қол ұстасса – өлері хақ өртеніп
Бірін-бірі – өзін-өзі тапқандар.

Жәннатына жанды ұшырып тордағы,
Табар бағың – тар қабір ғой сондағы.
Өзін-өзі тапқан сәттен – өмір жоқ,
Ләйлі-Мәжнүн хикметі де сол-дағы...

102

Саябырлап сор жалғанның сынағы,
Сөнер шақта бір тұтанып шырағы,
Өзін-өзі тапқан сәттен – өмір бар,
Бірақ оның пәниде емес тұрағы...





* * *

Ен жалған еншілеткен
Бар еді жалғыз әнім.
Құтқармай көр-түнектен
Көшті арман, қалды зарым.

Бар ғалам сыйып тұрған
Сыймаппыз қалыпқа біз.
Болмыстан биік тұрған
Талғамың – тамұқ нағыз.

Тірлікте татар енді
Бар бақыт келсін мейлі –
Жербауыр жат әлемді
Жүрегім жерсінбейді...

Жан-жүрек қан жылап кеп,
Тұлғанды табытқа ойдым...
Жалғанға мәңгі жат боп,
Мен солай қалып қойдым...

* * *

Жан шыдамас жалығыстан
Азар болдым, аяулым.
Саған деген сағыныштан
Мен өлуге таяндым...

Жұғын қоймай жырымдаған
Бір ғұмырдың бар жырын,
Жан азасын ұғынбаған
Беу, тас жүрек тағдырым!
...Жазмыш алды жетегіне
Жанға кесіп жат үкім.
Мен кетейін мекеніме,
Босат мені, бақытым!

104

* * *

Хақтан сұрарым кеміп барады,
Үнсіздігіңе қайранмын, Алла...
Жаққан шырағың сөніп барады,
Мен таусылуға айналдым, Алла!!!

Мәңгі аңсап өтер мөлдір кезімді
Мен өлмей, мұңым өлмейді, Алла...
Солғанша бекер сөндірі сезімді,
Енді оны көргім келмейді, Алла!

* * *

Көз аштырмай кеудедегі бүлкілге,
Торлағалы қашан мені түн-түрме...
Біздің жүрек өлең сөзді ұқпайды,
Біздің көзден жас тамбайды бұл күнде...

Жаншығалы жүрегімнің төрін сен
Қос ғұмырда құтқармастай көруші ем.
Күн туды ақыр... Мекеніңнен мәңгіге
Кетіп барам...
Сезесің бе соны сен?!

105

* * *

Сыр емес, шер боп тұнып селбескенің,
Бағымды байлай келген теңдес пе едің?!
Елдеске ерлігі жоқ егескендей,
Ел көшкен көңілімнен сен көшпедің...

Сынына сен кезігіп сорлайтынын
Сезбеген сезім таппас солмай тыным.
Көңілде сен сыймаған кемдік қалды,
Жиылса жалған халқы толмайтұғын...



* * *


Сезімнің сертке бекем
Сөндіріп сыр шырағын,
Сен болып жеткен екен
Жалғанның шын сынағы.

Сен туған жерде туып,
Сын өмір сүрмесем ед.
Жанымды жайлап уыт,
Бұл дертті білмесем ед...

Қай арман өлмеп еді,
Қай үміт кесілмеген –
Мұң болып меңдегені
Қалармын есінде мен...

Арманда ай-күн налып,
Тағдырдың тас жанына,
Қайтпаған қайғымды алып,
Қайтармын аспаныма...

Көктегі құтханамда
Күрсініп, көз ілер күн
Жалғанды жұртта қалған
Сен болып сезінермін...



Тапсам да тұғырымды
Шақырып шалғай мекен,
Жердегі ғұмырымды
Сен болып жалғайды екем...

Құйылып көктен жырым,
Арылып айға жаным,
Пәниден өткен күні
Мен саған айналамын...

Үнсіз әңгіме

Өлмейді өлген соң да үміт денең,
Жүрек жоқ жүз жарасыз.
Жанымда – жанды жеген күдікті өлең,
Жадымда – Сіз ғанасыз...

Жолсызға жазмыш қойды желкен бұрып,
Қабарып барады ай-күн.
Күнәсіз көзігер деп көркем үміт,
Сіз жаққа қарамаймын...

Жалғасын жазықты ойдың жан біледі,
Жалған бұл шындығы ескен.
Ұғарсыз үнсіз айтқан әңгімені,
Шығарсыз бір күн естен...



Күз алды көңіл

Жанықпайтын жанатын да
Күзгі отсыз неге?
Жан біткеннің арасында
Сіз жоқсыз неге?

Сағы сынды бір асылдың,
Сағым қуғасын...
(Басқалардан, сірә, сіздің
Бағыңыз басым).

108

Тарта алмады тұрағына
Сыз демі жаттың.
Шомылар ма ед шуағына
Сіздегі бақтың...

Көнгісі жоқ күзгі ырғаққа
Шыңда-ды ойым.
Сіздегі бақ біздің жаққа
Бұрмады мойын...

Сабактайсыз сөзді асыға...
(Сағым да – өмір...)
Күз жасы ма, көз жасы ма –
Ағыл да тегіл...

Жарықты жоқтау

(Мәди Қазыбекұлының рухына арналады)

Жылусыз жүректен
жол тартар ғаріптік,
Соны ұғып санасыз
сәулеге жанықтық.
...Жарқырап жанары
күн-көңіл адамдар
Жүруші ед жанымен
жалғанды жарық қып...

Бітерін білсе де
баянсыз бір күн дем,
Көңілсіз пәниді
көркейткен күлкімен,
Қажыса құлардай
көктегі жалғыз күн
Қуат ап тұратын
жердегі мың күннен...

Жарықты жоқтаған
жазылып соңғы жыр,
Сағым боп барады
сәулесі мол ғұмыр...
Кемді күн жалғанның
жұтатып жарығын
Тағы бір күн батты...
Тағы бір сөнді нұр...

09.06.2011.



* * *

Күн нұрын көңілге құя кеп,
Жүрекке дауасыз жия дерт,
Бір жақсы аттанды пәниден,
Бір қадам жақындап қиямет...

Бақилық бұйырып бағына,
Бір жайсаң жай тапты жанына.
...Бір мұңы азайып жалғанның,
Бір жоғы көбейді тағы да...

110

* * *

Ажалдан басқа бақ бұйырмас бір ерте
Жалғанның жазы да – көңілге кіреуке.
Күн санап арманың азайып бір мысқал,
Күн озса, мың қайғың артады біреуге...

Баянсыз пәниден бар олжаң – тек
тәубең,
Өр емес, көр құшып, өксумен өтті-ау
дем...
Бармақтай бақ қонып, болжаусыз бір
күні
Жан-шырақ өшеді жарықты
жоқтаумен...



Көңілмен үшінші сұхбат

– Түңілме түстен, жарқыным,
Тұлдансын тағдыр, түнерсін –
Аспанның алыс-жақынын
Бұлттарға қарап білерсің...

– Керулі кердей кермеге
Шарқ ұрып, шегін айналар
Пәниге тұтқын пендеге
Бұлт шалмас биік қайда бар?!

– Жазмышпен таппас жарасым
Жандыға нәсіп зауал кіл.
Бағзы мен бақи арасын
Жол қылған жалқы сауал бұл...

– Жеміссіз ағаш жерімде,
Жаңбырсыз бұлтым көгімде,
Санадан солдым сұраусыз
Тағдырым түсіп телімге...

– Дауылпаз ерлер көшкен соң
Дертінді кімдер ұғынсын?!
Дүбірсіз ғұмыр кешкен соң
Тұлпар да болсаң, тұғырсың...

– Түнегін түріп, түсі кеп,
Жарқ етпей қойды-ау жансарай.
Құлыншақ-көңіл кісінеп,
Ақжайлау төрін аңсауы-ай...

* * *

Арман жүгі сары-ала
Уайым-көшке теңделді.
Сарсаң болған санада
Сансыз соқпақ сенделді.

Жалған жасқа жырынды
Жермінезден жеріп мұң,
Сезім жетіп жығылды
Есігіне еріктің.

Таңды тосып арайлы
Төзім тұрды қансырап.
...Мөлт-мөлт етіп қарайды
Тамар-тамбас тамшы бақ...



* * *

Бағына бітті еліңнің
Парасат тұнған пір-өлең.
Түмен бап өткен өңірдің
Сен де бір сара түлегі ең.

Сиынып өстің соларға,
Сүйегің неден жасып ед?!
Ақындар азса қоғамда,
Күтеді ел кімнен қасиет?!

Аңсар ма абзал адамға –
Құмарлық, қылжақ, кекесін?
Онсыз да ойсыз ғаламға
Арсыздық үстеп не етесің?!



* * *

Кірлеуге көндікпес күйде ерен,
Өр өмір секілді ед сүргені.
Көртышқан-мұң кеулеп күйреген
Жас өскін жаза алмай тұр белін.

Сезімсіз сұрланған сұм бұл маң,
Көзіксең, көмусіз жерлейді.
Сағақтан қиылған сұңғылам,
Сені іздеп сонда ешкім келмейді...

114

...Жалына қол тимес тарпанның
Басынан ауғандай аяр бақ,
Демігіп құлады қаңтар-күн..
...Қыс кетіп барады аяндап..
Ертең – жаназа...



* * *

Азғын құлық, әз бедеу,
Қан қараяр күйіңе:
Күшің – кемел, түсің – кер.
Ақтыққа жоқ аз демеу,
Ей, әзәзіл дүние,
Сыртың – сарай, ішің – көр...

Тасыр болмыс тұл қалған
Тәуба, тағат, төзім мен
Баяндыдан пәк екен.
Бізге біткен бұл жалған –
Сөнер-сөнбес сезім мен
Таяр-таймас бақ екен...

115

* * *

Ақсия күлген ажалдың көрмей аранын,
Торыға кезіп тілім де тілім даланы,
Мен тұрған жерден қалардай жаны жанығып,
Мен туған жерге МАХАББАТ маңып барады...

...Сен татқан сордың сезінер дәмін, сірә, кім,
Сен жүрер соқпақ бұл өңірде емес, шырағым!
Мен туған жерді мұңлықтар ғана мекендеп,
Мен тұрған жерде жолсыздар ғана тұратын...
...Сол ма еді сенің мұратың?!

* * *

Қаңғып келдің қай белдерден,
Көзіңді арбап көп елес?!
Сен іздеген әйел өлген,
Бұл көргенің – ол емес!

Көр-саңырау кезіңе қайт,
Ерлігі жоқ елденсің.
Жаназаны өзіңе де айт,
Сен де ол үшін – өлгенсің!

116

Кесір топтың «кемеңгері»,
Көсемсуші ең көпіріп.
Өз күшігін жеген бөрі,
Өкси қапсың өтірік!

Күн-көңілден көшкен жалған,
Кімге керек жыр-гүлің?!
...Өлген адам – өшкен арман –
Мазаламас бір-бірін...





* * *

Арсыздыққа аңсыздығың сай келіп,
Елуге кеп есіргенің қай желік?!
Бұл дүниеде болып-толған бейбағым,
Бақи жақта бәсің бар ма бәйгелік?!


Нәсібің жоқ нығметінен тәрбиенің,
Құлдығына бас ұрушы ең қай иенің?!
Сұм нәпсінің соңында өлді ғұмырың,
Садаға кет тұқымынан әулиенің!!!

117

* * *

Тұғырсыздың тұрғысына төмендеп,
Жан емеспін Жер бетіне келер көп.
Үмітіңді үзбей бекер үздіктің,
Ойсыз жалған ордасынан көрем деп.

Өзектіні өксітпес пе өткен күн?!
Көңілдерде қалды екен деп көп белгім,
Тоқтат енді іздеуінді, жарқыным,
Мен өмірден әлдеқашан кеткенмін!!!



Күзгі желік

Балаша нанып баянсыз баққа бес күнгі,
Қаншама көңіл қорланған күнін кеш
білді.

Сертіңе сенген өмірдің бәрін өксітіп,
Сен сүйген жоқсың өзіңнен басқа
ешкімді!

Қүдірет-кие есіңе келмей есіре,
Жесірдің жасы – сен күткен сол ғой
несібе.

Тағы күз келер...
Тағы бір қызды зарлатып,
Тыншығар жаның. Торыққан болдың
несіне?

Әй, есіл «ер»!!!





* * *

Бездіріп бақтан бастаған жолым бүгінге:
Тіріден тірек таба алмай тозған күнімде
Ұғымсыз ұлт пен тынымсыз рухқа телініп,
Ұзаған ғұмыр...
Ұмытқан жоқпын бірін де...

Торықтық қанша тілеуді қосып тандарға...
...Біз түгіл, ботам, пәнидің өзі арманда:
Жандының бәрі жабыла сұрап жатса да,
Бір түйір бақыт бұйырған емес жалғанға!

119

* * *

Бір қиырдан бір түйір бақ жетер күн
Жөнін тауып жортар ма екен мекер мұң?
Сыр тұтылмас сұңғыла, сақ ғаламға
Тек мен ғана табылмаған екенмін:

Жарық сәуле – жат сәуле еді кештегі,
Жібек самал жолсызды іздеп еспеді...
Маған арнап жаратылған жалғанда
Мен бақытты бола алмадым...

Кеш мені!!!



* * *

Табыссаң не етті теңімен,
Сыбағам ауыр, саған, мұң:
Жағаласып кеп менімен
Жалғанға бекер жаралдың!!!

Таптым деп тұғыр тасыма,
Сертіме сенші бір сенсең:
Қалар-ақ едім қасыңда
Дауа мен шекті білсең сен...

Сананда болса сезігің,
Алладан тіле айыр деп.
Дауасыз дерттің өзімін,
Менен де саған қайыр жоқ!!!

120

* * *

Жан-ділінді жадылап сақы тұлғаң,
Жауһар әлем, жерідің жақұтыңнан!
...Мұз көбесі сөгіліп мұнар мұңның,
Безіп барам баянсыз бақытымнан...

Тағдырым бар тоқырлық тасқа баян,
Жар-құшақты жандауа жасқа жаям:
Мың тамшы боп моншақтар
жүрегімнен
Рәсуа ғұмыр, рәсуа бақ... Рәсуа аян...

...Рәсуа аян!!!

* * *

Сорлапсың-ау соншама –
Жүз мың қабат бет пердең.
Қастерліні қор санар
Дауасы жоқ дерт-пенде!!!

Жаныңа жыр қонса да,
Тазармасаң – тектен де...
...Рәсуа бақыт болса да,
Рәсуа тағдыр жоқ менде.

Қош!!!
Мың мәрте қош!!!

* * *

Сырың мәлім: көңіл – алаң, көз – алаң,
Сырғақсыған сұрыңнан тек сөз аман.
...Бейхабар ма ең болмысыңнан баянсыз,
Мен сенімен қоштасқалы не заман?!

Сыңайы сол серісымақ салтыңның:
Әпербақан әуейілік – әр күнің.
...Өзінде жоқ тағатты іздеп өзгеден,
Неден үміт күтіп жүрсің, жарқыным?!



* * *

Талайсыздау тағдырды аңсап қас-дара,
Тауға да кеп басынды ұрдың, тасқа да.
Бақыт іздеп көрмеген жан өзіне
Бақыт сыйлап жарытпайды басқаға!

Жанға жалау жарға қоспас сендейді,
Көгеніңе көңіл, сірә, көнбейді.
Қорлап, қажап, тілеуінді тоздырып...
Жоқ, жарқыным, бақыт бұлай
келмейді!

122

* * *

Талайсыз тағдыр өтіне
Талайды тастап, желдің көп.
...Бояусыз күлдей бетінде
Баянсыз күннен белгің жоқ.

Жылдарың – желік, жырың – сал,
Сұғыңнан талай солды гүл.
Кешегі бала – бүгін шал,
Ал рәсуа-ғұмыр – сол ғұмыр...
Бейдауа!!!

* * *

Бозқараған...
Жамалыңнан жазбаушы ед көз қараған.
Боз нұрыңды белгі етіп боз даладан,
Сарытап үміт сал жырын созғанда алдан,
Шемен жоқ-ты күлгін бақ қозғамаған...
Бозқараған...
Ол бұл күнде мен үшін – тозған арман...

* * *

Науан жүктен несібіне нала қап,
Жүдеу жанын жазмыш кеткен жаралап,
Жалған-зарлық жұбана алмай өксиді
Менің жетім жүрегімді паналап...

Күдік шалыс күнім мәлім, күйім – жат,
Сұры қашқан сор-соқпақты шиырлап,
Жалған – зарлық, жанды – мұңлық,
қос ғаріп
Қай қиырдан күткендейміз түйір бақ...

* * *

Мұң көкірек, мәрт егес,
Дауасы жоқ дүрмекті
Түсінуің шарт емес,
Сезінуің міндетті...

Нар көтермес науан жүк –
Мезі етсе де мың арман,
Мен білетін адамдық
Сезінуден құралған...

* * *

124

Санасын сарсаң етіп, сенімін – дал,
Шерліге шақтап құрған көрігін дәл
Тозақтың ең төменгі қабатынан
Бұйырған бес күн жалған өмірім бар...

Аңсаттың, қайран қабір, төрінді кең,
Жалғанда жәннат мекен – көрім, білем.
Мың орап мәңгілікті тамұқ-тағдыр,
Жөргектен шексіз сүйдім өлімді мен...

Бір уыс бақ бұйырса құба белден,
Тұншығып топыраққа тынар ем мен.
Көр болсын күрмеуі көп көңіл мейлі –
Әйтеуір кетсем болды мына әлемнен!!!



* * *

Үмітсіздің үнсіздік үзірі екен,
Өзектінің өн бойы қыжыл екен.
«Қамшы сабы» дейтұғын келте өмірің
Ұшығына жетпестей ұзын екен...


Күн де сөніп, көктемгі күй де тынып,
Күл болғалы не заман күйрек үміт?!
Сілелеген сүлдермен сор өмірді
Әлі сүріп келемін сүйретіліп...

125

* * *

Ажалдыға алдырмас аяр мекен –
Тал бесіктен жер бесік аяулы екен.
Арып-ашып жалғаннан жеткенімде
Қайран қабір құшағын жаяр ма екен?!

Ашылмады алдымнан жол-дағы ұдай,
Көмілем деп күтіп пе ем сорға бұлай...
Құлығы жоқ пендеңе ғұмыр беріп,
О Жаратқан, осынша қорлауың-ай...






Бозмұнар

Дертсізге қимай дара әнді
Дауылдың күйін көкседім.
Сілкісем-дағы санамды
Сейілер сұрың жоқ сенің,
Бозмұнар...

Өртеніп біткен арманның
Күлінен қалмай күңгірт шоқ,
Жырына елтіп жалғанның
Мүлгиді маңай жым-жырт боп.
Бозмұнар...

126

Ойлының отын ойрандап,
Жалғызға етіп жанын жау,
Батпаққа қонған қайран бақ,
Сенің де сорың қалың-ау...
Бозмұнар...





Анама

Соқпақты кешіп сан тарап,
Кесімді жолын кең еткен,
Аманат-арман арқалап,
Асудан асу бел өткен,
Күн туса, қия-құз басып,
Жыр туса, жасын сел еткен,
Қысталаң шақта қыз басын
Азамат ермен тең еткен
Асылың кетті алысқа...

Жанымды шыңдап жалында,
Жаһангер етсе Жер-ана,
Даланың рухын дарынға
Сіңірген сүтпен сен, ана!
Қара орман үшін қашанда –
Ұл менен ұлтқа тел ана.
Асқардан қызың асарда
Егіле көрме, ер ана,
Жұлдызың сенің ғарышта!




Мезгілсіз дәурен

Діңіңнен емес, ділімнен тартқан
сағағын,
Жаутаңдай түсіп, жапырақ-мұнның
жанары,
Ынтызар дүние-ай, ынтығып көрген
жамалың
Күндікке келмей, көңілімнен көшіп
барады...

128

Дертінен жеріп, елеске тұтқын
елдестің,
Сертіме серік сендегі рухпен
селбестім.
Торығып барам тобыңнан таппай
теңдес бір,
Мезгілсіз дәурен...
Мен енді қайта
келмеспін...





Көңілмен бірінші сұхбат

– Аңсардың көріп азасын,
Қайғыдан, көңілім, қазасың.
Жансауға тірлік жат көріп,
Арсауға жырды жазасың.
Медетсіз бе еді маза-сын?!


– Тарпаңға бітпес талғамым
Тұнықтың таппай тазасын,
Жырымнан шошып жалғаным,
Жазмыштан жетті жаза шын –
Аңсардың көрдім азасын...

* * *

Әйелден ақын шықпайды...

Е.Раушанов

Жанығып жырға мұңды да мұңсыз
бар әлем,
Сырдария тұнып, жыр-дария тассын,
дала – кең.
Жүректі кеулеп, арнасын салса, амал не,
Жазбас ем өлең қолымнан келсе,
аға, мен...



Усойқы сезім ұстаспай тынса санамен,
Көп бақыттының бірі болып-ақ қалар
ем.

Тілімдеп жанды, тізерлеп жырдың
алдында,
Жазбас ем өлең қолымнан келсе, аға,
мен!

Мұң ғана кешіп, жырға да есік жабар
ем,
Делқұлы дүние дертіме қайдан табар
ем?!

Тілемей қосты толағай сынды Тәңірім,
Жазбас ем өлең қолымнан келсе, аға,
мен...

130

* * *

Таусылардай тұралап мың төзімім,
Сырдаң тартып сиқыры жыр сөзінің,
Мөлт үзілген тамшыдай жанардағы
Жүрегімнен жоғалды бір сезімім...

...Сенді сезім, сал дәурен, солды
жырың.

Құшырлана сіміріп қорлық уын,
Қырдан көшіп барады көз ұшында
Қызғалдақты жырлайтын соңғы буын...



* * *

Кісі-киік!
Жырақ қонған жалғаннан Қағба-мекен!
Болмысымды баянсыз барла бекем:
Адамдардан тапқан боп аңсарымды
Мен өзімді мәңгілік алдап өтем...

Кісі-киік!
Жанарыңда жалқы мұң тұнған жаным,
Пәктік сыймас пәниді кімге арнадың?!
Сенде тұнған тұманың тамшы нұры –
Жамалымды жерліктен қызғанбағын...

Кісі-киік!
Елес құшып еріксіз ен тірлікте,
Жанарыңнан жоғалған мен бір нүкте.
...Сезім іздеп адаспа адамзаттан,
Сезім күші сендегі мөлдірлікте!

* * *

Қалаусыз күнмен қауыша,
Үміттен үкім тоспастан,
Жазылып жатыр жарыса
Қосылмай өтер қос дастан...

Сыналай ұрлап сыныңды
Өзірейіл сынды әр іңір,
Жалғаумен жүрсің жырыңды:
«Менікісің, – деп, – бәрібір!»

Түсіме тағдыр енгенде
Жолайрық көрем мен ұдай...
Көмескі түгіл, көрнеуге
Көндікпей кеткен көңіл-ай!

132

* * *

Қалыңға кеулеп қосса да
Кермешіл келер кер тұғыр.
Заманнан заман озса да,
Дара жандардың дерті бір...

Қосылмай ғалам күйіне,
Жалғаннан таппай жол бөтен,
Дүбірсіз кешкен дүние –
Дүлдүлге біткен сор-мекен...

* * *

Сүюмен серттес күйігім
Шарасыз жанға шер жүктей,
Бұлқынар жүрек-бұйығым
Көнген боп жүріп көндікпей.

Айкүміс-арман санада,
Бұлдырға сінді белес көп,
Қытымыр ғана қалада
Қоңыраулы шеңгел елестеп...

Сәске-ғұмыр

Сылбыр ғана сыбдырлап жас терегі,
Көктемі жоқ көңіліме жаз келеді...
Таңмен талас тілектің тарқап тойы,
Бей-жай күндер басталды сәскедегі...

Сәске-ғұмыр... Сәскелік жиғаным бар,
Танытпаған тағдыр бар қиғанын дәл.
Періштенің пердесін сайтан тұтып,
Арасында екі оттың иманым – дал...

Күлдіреткен көкөзек көңілімді
Жан қалар ма жасырып жегі-мұңды:
Жалған зары жат болған жалқы сәттен
Мән іздеген мәңгіріс – серігім-ді.
...Қанатталды күйіне қыран-тағдыр
Телміртпеген тектіден тегі, кімді...

Қыран зары

Тастүлек көңіл, өсерсің,
Мүзбалақ дәурен, көшерсің,
Орныңды қайдан табармын?!
Келмейді тағдыр көнерге,
Майтүбіт, баршын, шөгелге
Байлауы бар ма жан-ардың?!

Шөгелдей болып шерменде,
Құз қармар шағым келгенде,
Кеуделеп қайда барармын?!
Тағдырын қисаң қыранның
Жасаған, мәңгі сұрарым –
Қияға қанат қағар күн!



* * *

Таң атпай тағы тізгіндеп алды тұнжыр мұң,
Тоқырап ойым түнеріп талай түн жүрмін.
Азабым менің ай-толғақ емес, жыл-толғақ,
Тұсауы-дағы кесілмей қойды-ау бір жырдың!

Аңсаумен өттім апарар жолды заңғарға,
Даңғаза дүние, дабыра-думан бар маңда...
Жандауа жырым, жайымды сенен сұрармын,
Егіліп үнсіз екеуден-екеу қалғанда...

Айтарым – ада, аларым да кем, сенсең, жыр,
Ес-түссіз жалған, есірік жанға ерсем бір
Жолымда бәрі...


Жазмышым қимас жалғызым –
Аруана арман адасқан мәңгі сен – сеңгір...

Сыналап, сарсаң санама сыйлар арда мұң,
Мендегі мазаң ғұмырдың мына бар мәні –
Жандауа жырым – арттырып ару жалғаннан
Ақырет күні азалар ақтық арманым...



* * *

Тұрлаусыз тағдыр телінген
Тұғыры тайғақ қаңбақтай
Қауқарым кеміп, қарағым,
Түмен бап өткен өңірден
Бақ бұйырмай бармақтай,
Арманда кетіп барамын...



Бозала таңнан боздатқан
Боз мұнар бұлдыр өмірге
Бере алмай бейбақ жан шыдас,
Қоламта мұңды қоздатқан
Талайсыз, тұлдыр көңілге
Тірліктің құны – тамшы жас...

136

Жалынсыз жаннан жеріген
Сұрлана түсіп сезімім,
Құрметім қалды күл болып.
Ту тіксем деген жерімнен
Қоңыраулы көшім көзігіп,
Аттанып барам бір қонып...



* * *


Шаттығым шыңнан тұр құлап,
(Еңісім елсіз емес-ті).
Шерлі рух жүрді шырқырап,
Есімнен іздеп елесті...

Тұмасын таппай тұлданған
Жұбатып жанды келем мен:
«Ертерек көшкен бұл маңнан
Түнекті түрер ерендер...»

Сенделіп келіп сұладым,
Барлықтан қалмай белгі түк.
Бақытқа баспай бір адым,
Жолымды тұрсың СЕН күтіп...

Жанымды тіліп жасын мың,
Бұйырмай көрім бір аршын,
Ашылмай тұрып ашындым,
Хәлімді қалай ұғарсың...

Жанқайғы емен жасымнан,
Санама сыймас тар ұғым.
Жадаулы дертім жасырған –
Жалғанның мұңы, жарығым!



...Жандауа жоқпен жосар күн
Түзесем көшті шалғайға,
Қиядан қиқу қосар бір,
Сертіме серік жан қайда?

Баянсыз баққа безерген
Бейдауа жанды бастар таң.
Көлде де көңілі кезерген
Күйімді кеш те... Қош, қалқам!

* * *

Жандауа жырмен жамалса
Сөгілген сансыз іргелер,
Қауышып күнмен балауса,
Беймаза көңіл бірленер.

138

Үзілген үміт жалғанса,
Тотықұс-тірлік түрленер.
Бармақтай бағым бар болса,
Пайғамбар-шабыт бір келер...





* * *


Тіріден таппас тіректі
Өліден іздеп, өксіген
Жұбатып жырау-жүректі,
Жебеушім болып жетші, дем!

Естанды болған еркімнің
Күрмеулі күйін шеш, оңда!
Сергелдең етпей сертімді
Не жолға баста, не сорға...

Жоктау
(автоэлегия)

Жанары бардан жас тамып,
Моншағы мұңның тізілді.
Бір аңыз-ғұмыр басталып,
Бір ғажап әуен үзілді...

Азасын айтып арманның,
Күлкісі сөніп күнгеіде,
Көңілінен көшті жалғанның
Көрген түс сынды бір бейне...



...Періште сынды ед нәсілің,
Пайғамбар текті тағдырда.
Адасып келген асылым,
Ақырзаманның алдында!

Таласып рухың көкпенен,
Жалғаннан қалмай аласың,
Дүниені сүймей өткен ең,
Дүниеге сыймай барасың...

Сен басқан іздің бәрі арман –
Асудан асу дара астың.
Арманнан жаны жаралған
Ей, ару қызы алаштың!!!

140

Жалқыңды жоқта, жұмыр жер,
Көкірек жара күрсін, көк!
Бұйырған бес күн бұрымды ең,
Арзу ғып мәңгі жүрсін деп...

Мақшардың мәшһүр таңында
Нұр-дидар еді тандауың.
Бақилық бағың алдында,
Алла жар болсын, ардағым!!!



* * *

Талмай тартқан құл ғұмырда қасірет,
Мақшар таңның сенсің бәлкім, сұлтаны.
Сағыныштың өзі саған ғашық ед,
Арман жаны адалдыққа іңкәрім...


Жарып ұшып, ғазауаттай ғасырдан
Аман жеткен ақ әлемнің ар құсы,
Асау дария аяғыңа бас ұрған –
Саған біткен сезімдердің тамшысы...

141

* * *

Айта алмай арзу жандыға жар сап,
Бебеулеп батты көктем-күн.
...Жүрген жан едім елесті тамсап,
Оны да маған көп көрдің...

Жаралған жаттан жалғанға жан сап
Көрмеген рухы текті ердің.
Жүрген жан едім өлімді аңсап,
Тым құрса соны жеткергін...



* * *

Сырғактау еді-ау сергелдең шатыс
сертің де,
Сүлдері қалған сеніміңді арттың сен
кімге?
Жаралы құсқа жансақтау болған
мекенге
Жазылмай қалған жырларыңды іздеп
келдің бе?

Ес жимай жүрген есерлеу шақта
еркелеп

142

Бәрі айтқан саған «бақыттың жыры
келте» деп!
Жадыңа жерлеп санадан солған сан
жылды,
Ордаңа орал...

Көктемге әлі ертерек...

Жар-құшақ жайған жанардың отын
көрмейтін
Кер мінез жанға кірпияз еді келмейтін,
Моншақтар қайта төгілмей қалған
тамшылар,
Ол көктем бірақ...

қабылдар ма екен

сендейді?!



* * *

Тұрақтылық тұғыры еді тілегім,
Тағдыр тапты сүргін боп.
Қиял қуып жүргенімді білемін,
Бірақ менде шындық жоқ...


Жолсыз мұңға жібімейтін жаны бір
Жазмыш сынды талғамың.
Шындық жоғы сен үшін де бәрібір,
Жалғандағы жалғаным...

143

* * *

Асыға еріп алдамшы бақтың іздері,
Үшінші қардың үзілді кенет сыз демі.
Аттанып барад алаңдай алмай артына
Адасып келген ақырғы көктем күздегі.

Жазмыштан асқақ жасампаздыққа
жалған қас,
Қансоқта болған сезімге ақыл алданбас.
...Сыналап жанды
сыздайды үнсіз тек қана
Жанарға жетпей, жүректе тұнып
қалған жас...



* * *

Жайраң үміт жер құшқанда жайрап
қап,
Көн тағдырдың тар жолымен
тайғақтап,
Қайта оралды мекеніне қайырсыз
Аз күн мені паналаған бейбақ бақ...

Жаңбыр-жасын жасыра алмай жер мен
көк,
Өксиді әлем өтірікке сенген боп.
Жанұшыра жұбатса да жалған-сор,
Сенемісің, мен шындықты көргем
жоқ...

144

* * *

Уақыт сынар – киелі кім, күлкі кім,
Мұң-жүректі бір ұқпастан мың тілім,
Кей асылды көзге шұқып күледі
Жамай алмай жүрген қоғам
жыртығын...

Пейіл қайда парасаттан маздаған,
«А, құдайла!» ағзаң қалса азбаған.
Керсоқырдың күйін кешкен күнінде
Сен екенсің әзиз емес, өз қоғам...



* * *

Есіл де есіл жалған-ды,
Есілден көңіл қалған-ды.
Естанды еткен арманды
Есіл жыр еске салған-ды.


Есілге жасың тамғанда,
Есіркер сені жан бар ма?!
Есіле көшкен жалғанда
Естінің бәрі арманда...

145

* * *

Жолсыз ойға жетелейді жыр кейде:
Ен жалғанда елес қуып жүр дей ме –
Бағым менің болмай қойды баянды,
Көшім менің аумай қойды күнгейге...

Болымсызға байланғандай бар тілек,
Шаттық жайлы жыр жазбадым жарты бет.
Маған таңсық тіршіліктің бал дәмі,
Мен оқыған жалғыз кітап – тауқымет...





АВТОБИОГРАФИЯ немесе соңғысөз орнына

Тәңір сүйіп жаратқан-ды түзге арнап,
Нәзік тәнін нұр орнына сыз қармап,
Пана таппай жүргіншіден жосыған
Қар үстінде ұзақ жатты қызғалдақ...

Бейбақ гүлдің бардай жұмбақ иесі,
Қол созырмай тосын сыйға тиесі,
Пенделердің жер құштырды жанарын
Тазалық пен сұлулықтың киесі.

146

...Мейір қанып, бір жұта алмай мол
нұрды,
Күте-күте көңіл көктер сол күнді
Қажытпаған қара боран, қарлы жел
Қайран гүлді тек жалғыздық
солдырды...

МАЗМҰНЫ

Автопортрет немесе алғысөз орнына3

I бөлім. Періштенің жанайқайы

«Нығметтің нұрына малынып...»	5
Хауа ананың зары.....	6
Қош бол, аспан!.....	7
«Бозмұнар көшкен дада...».....	8
«Тамырынан танатын тұс келгенде...».....	9
«Жер тартып, құл-ғұмыр жетегі...»	9
«Күмбір көңіл көк төріне тым асық...».....	10
«Жоғалтып жауһар дүниемді.....	10
«Жаныға жоқтап жалғанның».....	11
«Тұлпар тозып, тұғырдың туы тұрып...».....	12
«Күрмеуі көп күңгірт әлем күрсініп»	12
«Көр бақытқа бәріміз де бірдейміз.....	13
«Тамұқта тірі тұншығып.....	13
«Күрсінді көзтаныс көресім»	14
«Тағдырым тауқыметтей ғалам күткен...».....	14
«Тіршіліктен түйір бақ таппаған мұң...».....	15
«Тамырымды кезең қинап құнарсыз...».....	15
«Көргендей көңілсіздеу күлкімді көп».....	16
«Тұтқын боп Тәңірлік тағлымға...».....	17
«Қара жерді баса алмай...»	17
«Жалғанның жанын ластама...».....	18
«Арылып бітпес күрсінісіндей...»	18
«Сыралғы кеуде сыздайды келіп...»	19
«Алмалы бақ. Адастырып арман-күн...»	19
«Сұрапыл сұр үрлеген сынды лебің».....	20
«Зар құштырып зырлайды зауалдай күн...».....	20
«Тәңірдіңқұтытамғанда.....	21
«Естіген де еліткен күйді алыстан...».....	21
«Көзігердей көлегейлеп көп перде...».....	22
Алтынжал.....	23
«Тіршілік түнегін серпер үн...».....	24
«Уа, Пайғамбар!».....	24
«Перзентімін мен де өзіңдей мұңлы елдің...».....	25

«Көктегі күнің көңіліме құйып шуағын.....»	25
«Нұр құшқан жұрттың нығметі Хақтан ен тегін...»	26
«Бұл неткен жер, неткен жер...»	27
«Әзірет Сұлтан! Армандым!»	28
«Аңыздықтан азғанда ар...»	29
«О, Алла...»	30
«Жылап, жырлап, жабығып, жаңылғаным...»	30
«Мен қаталдық күтпеп едім тек Сенен...»	31
«Тура келген тағдырыма тәуекел...»	31
«Шуақ қимай сезімге, шабытқа – жыр...»	32
«Жалған жолы жуыстырмай жұмаққа...»	32
«Жадылап есті жыр-елес...»	33
«Сарғайтса да санадан Сендегі нұр...»	34
«Босағаға байланып бар ғұмырым...»	35
«Саудайы тағдыр сынақта...»	36
«Шарасыз шырқ үйірсе шығай ғалам...»	37
«Аңсау ма ед ауыр күнә арылмастай...»	37
«Бақ пенен соры кіндіктес...»	38
«Тамшы кәусар тата алмастай тұмадан...»	38
«Сергелдең салып ерік...»	39
«Жақыным – артта, жат – алда...»	39
«Әзірет Сұлтанмен екінші сұхбат»	41
«Суарған сормен сезімді.....»	42
«Жығылып жерге жүз үміт...»	42
«Жаз ғұмырын жастығында жерлеген...»	43
«Әзірет Сұлтанмен үшінші сұхбат»	43
«Пәруана сұрлы пендеге...»	44
«Нәр татырсаң нығметтен нең кетер-ді...»	44
«Тұщымас тарпаң талғамға...»	45
«Сағыныш текті сал-мұңға...»	46
«Әзірет Сұлтанмен төртінші сұхбат»	47
«Мінәжат»	48

II бөлім. Елім – аяулым

Елім – аяулым.....»	51
«Құс қанатында өсірген далам...»	52
«Құлдырап кері күн-ағын...»	53
«Бұл елдің күні – ертегі, түні – ертегі...»	53
«Құны жоқ құндылығы ойсыраған...»	54
«Түнек көңіл түндігі жоқ түрерге...»	54
«Өзек жарған өз ұрпағын – тонаушың...»	55
«Сұлулықтың суатына қанған күн...»	55
«Еркіндіктің ерен күйін тербеген...»	56
«Назары түспей налытты...»	56

«Шер көңіл кер жалғанда кергісі көп...»	57
Мазар – менің тарихым	58
«Көшпендіміз күн кешпеген күрессіз...»	58
«Сарқыт боп жетіп, сахарадан үн...»	59
«Жазмышың жиған тарқар ма шерің...»	60
«Ен жалғанның естелігі мұнша тар...»	61
«Жалқымен жаны ұғыспай...»	62
«Таусылмастай түйілген...»	63
«Нығметке бермес науан жүк...»	64
«Өзеуретіп өзекті өртіне кіл...»	64
«Мағынасыз... майда күліп мақпалдай...»	65
«Сапардың сөзін жоқшысын жолға салған кеш...»	65
«Тарлан жұртта тобасынан танбайтын...»	66
«Жарқ етті де, жан бітірді жарқын жүз...»	66
«Тосын тағдыр біреуге – бак, бірге – азап...»	67
«Қытымыр көк қуартарда жас тәнді...»	67
«Періште жоқ бұл елде...»	68
Көңілмен екінші сұхбат»	69
Құртқаның зары	70
«Елсіздіктен елегізіп ен өлке...»	71
«Тұтқыр дүние тосқанда тығырықтай...»	72
«Пәрмені үстем пақырға да патшаға...»	73
«Алаң – мынау, елдің анау хэл-жайы...»	74
«Құбылмалы күйге нанып көктегі...»	74
«Сел көшсе де селт етпейтін санаға...»	75
Толғау	75
Түмен баптың еліне	77
Ғасырдың ұлы, қайдасың?!	78
Ар алдында	79
Дария тасып келеді	80
«Жонында ат ойнатқан құба белдің...»	81
Қаратауға наз	81
Замандасқа	82
«Тағдыры терең тобамның...»	83
«Жайлауын рухтың жат алған...»	84
«Тұғырлы жырға тұрды аяз...»	85
«Түркістанмен қоштасу»	86
«Тапастай тамырыңнан тұғыр-сая...»	87
«Кемелдік көздер күнінде...»	88
«Үміттің үні естілмей...»	88
«Күн кешіп қорғансыз...»	89
«Менің тәнім – құрсауында қоғамның...»	89
«Күн озса бетін көрмей, шетін көріп...»	90
«Серік боп самал шерлене ескен...»	90

«Шемен жүздің серпіп шерлі мұнарын...»	91
«Жанымды жалын тілмелеп...»	91

III бөлім. Кешкі сағыныш

«Жұмбақтау жайнап жамалы...»	94
Мен туғанда берілген бата	95
Бесік жыры.....	96
«Қарайламай құл ғұмырға, қор атқа...»	97
«Ойжады ғұмыр сыйлаған...»	98
«Ғасырлар бөлген арасын...»	98
«Күнге ғашық көңілімді күндей ме...»	99
«Үгілме дертті үдетті...»	100
«Қосшы-ғұмыр құрықтап ап текті ерді...»	101
«Еншісіне елегізу бұйырған...»	101
«Сарсаң жанға сауға тілеп ақ таңнан...»	102
«Ен жалған еншілеткен...»	103
«Жан шыдамас жалығыстан...»	104
«Хақтан сұрарым кеміп барады...»	104
«Көз аштырмай кеудедегі бүлкілге...»	105
«Сыр емес, шер боп тұнып селбескенің...»	105
«Сезімнің сертке бекем...»	106
Үнсіз әңгіме	107
Күз алды көңіл.....	108
«Жарықты жоқтау»	109
«Күн нұрын көңілге құя кеп...».....	110
«Ажалдан басқа бақ бұйырмас бір ерте...»	110
«Көңілмен үшінші сұхбат»	111
«Арман жүгі сары-ала...»	112
«Бағына бітті еліңнің...»	113
«Кірлеуге көндікпес күйде ерен...»	114
«Азғын құлық, әз бедеу...».....	115
«Ақсия күлген ажалдың көрмей аранын...»	115
«Қаңғып келдің қай белдерден...»	116
«Арсыздыққа аңсыздығың сай келіп...»	117
«Тұғырсыздың тұрғысына төмендеп...»	117
Күзгі желік	118
«Бездіріп бақтан бастаған жолым бүгінге...»	119
«Бір қиырдан бір түйір бақ жетер күн...»	119
«Табыссаң не етті теңіңмен...»	120
«Жан-ділінді жадылап сақы тұлғаң...»	120
«Сорлапсың-ау соншама...»	121
«Сырың мәлім: көңіл – алаң, көз – алаң...»	121
«Талайсыздау тағдырды аңсап қас-дара...»	122
«Талайсыз тағдыр өтіне...» .	122

Бозқараған.....	123
«Науан жүктен несібіне нала қап...»	123
«Мұң көкірек, мәрт егес...»	124
«Санасын сарсаң етіп, сенімін – дал...»	124
«Үмітсіздің үнсіздік үзірі екен...»	125
«Ажалдыға алдырмас аяр мекен...»	125
Бозмұнар.....	126
Анама.....	127
Мезгілсіз дәурен.....	128
Көңілмен бірінші сұхбат.....	129
«Жанығып жырға мұңды да мұңсыз бар әлем...»	129
«Таусылардай тұралап мың төзімім...»	130
Кісі-киік	131
«Қалаусыз күнмен қауыша...»	132
«Қалыңға кеулеп қосса да...»	132
«Сүюмен серттес күйігім...»	133
Сәске-ғұмыр.....	133
Қыран зары	134
«Таң атпай тағы тізгіндеп алды тұнжыр мұң...»	135
«Тұрлаусыз тағдыр телінген...»	136
«Шаттығым шыңнан тұр құлап...»	137
«Жандауа жырмен жамалса...»	138
«Тіріден таппас тіректі...»	139
Жоқтау (автоэлегия)	139
«Талмай тартқан құл ғұмырда қасірет...».....	141
«Айта алмай арзу жандыға жар сап...».....	141
«Сырғақтау еді-ау сергелдең шатыс сертің де...».....	142
«Тұрақтылық тұғыры еді тілегім...».....	143
«Асыға еріп алдамшы бактың іздері...»	143
«Жайраң үміт жер күшқанда жайрап қап...».....	144
«Уақыт сынар – киелі кім, күлкі кім...».....	144
«Есіл де есіл жалған-ды...»	145
«Жолсыз ойға жетелейді жыр кейде...»	145
Автобиография немесе соңғысөз орнына	146

АЙНҰР ӘБДІРӘСІЛҚЫЗЫ

ТӘҢІРІ СИПАТ
ТІРШІЛІК

ISBN 978-601-7646-40-0



Жауапты шығарушы – “Алматы - Болашақ”
Акционерлік Қоғамы баспасы

Баспахана директоры – Ақбасов И. Ү.
Көркемдеуші редакторы – В.В. Стенякин
Редакторы – М. Б. Ақсан
Беттеген – А. К. Қыдыралы

Басуға 14.10.2022 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x60 1/16 Қаріп түрі “DS Times”
Шартты баспа табағы 9,5
Таралымы 3000 дана.
Тапсырыс № 1371